

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 16 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары қызметіне сайлау туралы. Бұл мәселе бойынша Президенттің тиісті ұсынымы Сенатқа келіп түсті.

Слово для оглашения представления Президента предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Республики Казахстан Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Главой государства на ваше рассмотрение внесено представление об избрании на должности судей Верховного Суда Республики Казахстан Әмір Досжана Сарманқұлұлы – председателя Акмолинского областного суда и Нурышева Камбара Жумабаевича – председателя Кызылординского областного суда.

Представленные лица имеют большой опыт судейской работы (более 33 лет). Судейскую деятельность начинали народными судьями районных судов, руководили областными судами. Пользуются авторитетом в судейском сообществе и подготовлены к ответственной работе судьи Верховного Суда.

Уважаемые депутаты! Прошу поддержать представление Главы государства об избрании Әмір Досжана Сарманқұлұлы и Нурышева Камбара Жумабаевича на должности судей Верховного Суда Республики Казахстан.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, на своем заседании обсудив предложенные Президентом Республики Казахстан кандидатуры к избранию на должности судей Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключение.

На основании представления Президента Республики Казахстан, в соответствии с подпунктом 1) статьи 55, пунктом 1 статьи 82 Конституции и пунктом 1 статьи 31 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента избрать Әмір Досжана Сарманқұлұлы и Нурышева Камбара Жумабаевича на должности судей Верховного Суда Республики Казахстан.

Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Ең алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алуымыз керек. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады.

Құрметті әріптестер, қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешімдерді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Әмір Досжан Сарманқұлұлын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Нұрышев Қамбар Жұмабайұлын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті сенаторлар! Жоғарғы Сот судьясы қызметіне алғаш рет сайланған азамат ант беруі керек.

Бүгін сайланған Нұрышев Қамбар Жұмабайұлы 2015 жылы Жоғарғы Сот судьясы қызметіне алғаш рет сайланғанда ант берген, сондықтан бүгін ант бермейді. Ал Әмір Досжан Сарманқұлұлы бүгін алғаш рет Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайланып отыр. Сол себепті ант беру үшін мінбеге Әмір Досжан Сарманқұлұлы шақырылады.

ӘМІР Д.С. Мен, Әмір Досжан Сарманқұлұлы өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүргізуге, судья ретіндегі борышым міндеттегендей адал және бейтарап болуға салтанатты түрде ант беремін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Бүгін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайланған судьяларды құттықтаймыз. Жауапты қызметті абыроймен атқарасыздар деп сенеміз. Жұмыстарыңыз табысты болсын.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар, отырысқа қатысушылар! Заң жобасында бес бағыт бойынша міндеттерді жүзеге асыру қарастырылады.

Бұл бағыттар экономика секторларының энергия тиімділігін арттыру және жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендету, электр станцияларында газ қондырғыларын салу бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру, Алматы қаласын дамыту шеңберінде қоғамдық қатынастарды реттеуді жетілдіру, дәстүрлі емес көмірсутектерді өндіруді дамыту, сондай-ақ шекара бөлімшелері мен мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін салу жөніндегі мәселелерді шешу болып табылады.

Аталған заң жобасы жұмыс тобының отырыстарында, тұрақты комитеттерде, комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланып қаралды.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат депутаттары өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Оның ішінде:

жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссияның қызметі мен құзыреті бойынша нормалар нақтыланды;

көп пәтерлі тұрғын үйлердің кондоминиум объектісін басқарудың жаңа нысандарына көшу мерзімдерін 2023 жылғы 1 шілдеге дейін ұзарту;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту және оның негізгі өкілеттіктерін айқындау, сондай-ақ «Ұлттық ғылым академиясының академигі» ұғымын бекіту және зейнеткерлік жасқа жеткен кезде оған өмір бойғы ай сайынғы стипендия белгілеуді енгізу құқығын беретін нормалар қарастырылған.

Барлық ескертпелер мен ұсыныстар салыстырмалы кестеге енгізілді және жинақталды.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере келе, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 5-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісіне жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерік Хамзаұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге 6 түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі үшінші мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Есеп комитетінің 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері жөнінде.

Бұл мәселе бойынша Сенат отырысына Үкімет мүшелері, Есеп комитетінің төрағасы, Ұлттық Банк және ұлттық компаниялардың басшылары қатысып отыр.

Алдымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің, Ұлттық Банк Төрағасының және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының баяндамаларын тыңдап, содан кейін сұрақ қоюға көшсек, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі жөнінде баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2021 жылы республикалық бюджеттің атқарылуы коронавирус пандемиясының келеңсіз әсерлері жағдайында жүзеге асырылды. Дегенмен 2020 жылмен салыстырғанда іскерлік белсенділіктің жандануы байқалды. Жалпы ішкі өнімнің өсімі 4 пайызды құрады.

Негізгі әсер еткен факторлар:

қызмет көрсету секторындағы өсудің жеделдеуі;
экспорт өсуінің жоғары қарқыны есебінен сауда балансының нығаюы;
өндіруші емес салалардағы жоғары инвестициялық белсенділік.

Экономиканың барлық негізгі салаларында оң нәтижеге қол жеткізілді. Мәселен, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 3,8 пайызға, құрылыс саласы 7,6 пайызға, көлік 3,6 пайызға, сауда 9,2 пайызға өсті.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемі 3,5 пайызға ұлғайды. Инфляция деңгейі 8,4 пайызды құрады. Жұмыссыздық 4,9 пайыз деңгейінде сақталды.

Қалыптасқан ахуалда республикалық бюджеттің атқарылуы келесідей көрсеткіштермен сипатталады:

түсімдер 100,8 пайызға атқарылып, 12,7 триллион теңгені құрады;
бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге 3,1 пайызды құрады;
шығыстар 99,2 пайызға игерілді және 15,2 триллион теңгені құрады;

әлеуметтік шығыстар 2020 жылмен салыстырғанда 910 миллиард теңгеге ұлғайып, 7,5 триллион теңгені құрады.

Бұл республикалық бюджеттің жалпы көлемінің 50 пайызы.

Енді бюджеттің жекелеген бағыттарына және Үкіметтің есебін талқылау кезінде көтерілген өзекті мәселелердің шешілуіне қатысты толығырақ тоқталып өтейін.

Кірістер бойынша.

Трансферттерді есепке алмағанда кірістер бойынша жоспар 156 миллиард теңгеге асыра орындалды. Бюджетке 7,4 триллион теңге түсті. Салықтық түсімдер 7,1 триллион теңгені немесе жоспарға 102,1 пайызды құрады.

Салықтар бойынша асыра орындаудың негізгі сомасы корпоративтік табыс салығына, шикі мұнайдың экспорттық кеден бажына және импортқа қосылған құн салығына тиесілі болды.

Салық түсімдерін ұлғайтудың негізгі факторлары экономиканың біртіндеп жандануы және салықтық-кедендік әкімшілендіруді жетілдіру болды.

Соңғы үш жылда салықтық-кедендік әкімшілендіру мен цифрландырудан бюджетке 2 триллион теңгеден астам қосымша түсім қамтамасыз етілгенін атап өту керек.

2021 жылдың қорытындылары бойынша Қытай Халық Республикасының экспорты – Қазақстан Республикасының импорты бағыты бойынша статистикалық деректердегі алшақтықтар 40,5 пайызға дейін төмендеді.

Осы бағыттағы жұмыстар және көлеңкелі экономикамен күрес жалғасатын болады.

Шығыстар бойынша.

2021 жылы бюджет шығыстары 56 стратегиялық бағытты қамтыды және даму жоспарларының 263 индикаторына қол жеткізілді. Ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етті. Мәселен, өткен жылы 17 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Қалалар мен ауылдарда 5,3 мың шақырымға жуық сумен жабдықтау желілері салынды.

Жергілікті маңызы бар 1 мың 287 шақырым автожол жаңғыртылды. Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемі 3,7 миллиард тоннаны құрады.

Агроөнеркәсіптік кешенде 24 мыңнан астам инвестициялық жоба субсидиялаумен қамтылды.

Білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласында педагогтердің, дәрігерлердің, мәдениет және халықты әлеуметтік қорғау қызметкерлерінің еңбекақысы көтерілді. Тек осы мақсаттардың өзіне шамамен 950 миллиард теңге жұмсалды.

Эпидемияға қарсы шараларды жүргізуге 422,6 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді. Жалпы, пандемияға қарамастан мемлекет өзінің әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындады.

Есеп комитетінің қорытындысында мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуы мен мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігіне қатысты бірқатар проблемалық мәселелер көтерілді. Олардың барлығы жұмыс топтарында егжей-тегжейлі талқыланды.

Негізгі ескертулер мен ұсыныстарға түсіндірме беріп өтейін.

Ұлттық қордан берілетін трансферттерге қатысты Есеп комитеті Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттер сомаларының ұлғаюын атап өткен. Әсіресе ағымдағы шығындарға жұмсалғанына назар аударылған. Дегенмен трансферттердің өсуі әлеуметтік міндеттемелерді, дағдарысқа қарсы шараларды, мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру және пандемия жағдайында экономикадағы іскерлік белсенділікті қолдау қажеттілігімен байланысты болды. Бұл өздеріңізге мәлім.

Өз кезегінде Ұлттық қорға тікелей салық түсімдерінің көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда өткен жылы 1,8 есеге ұлғайғанын атап өткім келеді.

Ағымдағы жылдан бастап кепілдендірілген трансферттің мөлшерін айқындау контрциклдік бюджет қағидаларына негізделетін болады.

Жаңа тәсілдерге сәйкес Ұлттық қордан бюджетке алынатын қаражат оған мұнай секторына түсетін кірістерінен аспайтын болады. Бұл оның жинақтау функциясын күшейте отырып, активтерді көбірек жинауға мүмкіндік береді.

Салықтық берешектер мен бересінің өсуі келесідей объективті себептерге байланысты болды:

1. Тексеру актілері бойынша есептеу.

Мысалы, былтыр букмекерлік кеңселерге қатысты қылмыстық істер шеңберінде 135 миллиард теңге қосымша салық есептелген болатын, оның ішінде 17 миллиард теңгесі бүгінгі таңда өндіріліп алынды. Сондай-ақ басқа да салықтық тексерулер бойынша 52 миллиард теңге қосымша салық есептелген.

2. Қосымша есептеулер бойынша ірі салық төлеушілердің аванстық төлемдерінің уақытылы төленбеуі.

Заңнамаға сәйкес аванстық төлемдер 25 желтоқсаннан кешіктірмей төленуі тиіс. Іс жүзінде кәсіпорындар бұл төлемдерді ағымдағы жылы қаңтардың басында төлеген. Оның сомасы 166 миллиард теңге.

3. Активтердің болмауына байланысты өндіріп алудың барлық шаралары аяқталғаннан кейін бірнеше ірі компания банкрот деп танылды. Ол бойынша қомақты сома түсуі керек еді.

Жалпы 2021 жылдың қорытындысы бойынша мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану есебінен салықтық берешек 337 миллиард теңгеге төмендетілді, яғни бұл іс-шаралардың барлығы салықтық әкімшілендіру салаларының нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік борышты басқару мәселесі бойынша.

Мемлекеттік борыштың өсуі республикалық бюджет тапшылығын жабу қажеттілігімен және маңызды әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін қарыз алумен байланысты болды. Дегенмен бүгінгі таңда мемлекеттік борыш қауіпсіз деңгейде сақталуда, жалпы ішкі өнімге шаққанда оның деңгейі 27,4 пайызды құрайды.

Мемлекеттік борышты басқаруды одан әрі жетілдіру үшін келесідей шаралар қабылданатын болады:

1. Бюджет тапшылығы кезең-кезеңімен азаятын болады, бұл борыштың өсу қарқынын төмендетуге ықпал етеді.

2. Көлеңкелі экономикамен күресті белсенді ету, әкімшілендіруді жақсарту және цифрландыру нәтижесінде салықтық түсімдерді біртіндеп ұлғайту жоспарлануда.

3. Қарыз алу кезінде ішкі нарықтың өтімділігі барынша тиімді пайдаланылатын болады.

Бұдан басқа заңнамада сыртқы қарыз қаражатын уақытылы игермегені үшін мемлекеттік органның бірінші басшысының жауапкершілігін белгілеу жөнінде норма қабылданғанын атап өту қажет.

Жалпы, Үкімет жүйелі түрде мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың борышын қалыптастыруға және басқаруға бақылауды күшейтетін болады.

Бюджетаралық қатынастар бойынша.

Біз Есеп комитетінің республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қаржы ағындарын барынша азайту жөніндегі ұсынысымен келісеміз. Өңірлердің бюджеттік дербестігін нығайту үшін бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жүзеге асырылатын болады.

Жалпы сипаттағы трансферттерді көбірек алу үшін жергілікті жерлерде салық базасын кемітіп көрсету фактілеріне қатысты Есеп комитетінің ескертуін орынды деп санаймыз. Сол себепті бюджеттік процесте өңірлердің жауапкершілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Құрметті депутаттар! 2021 жылға арналған республикалық бюджеттің негізгі көрсеткіштері мен оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар осындай.

Есепті қарау кезінде Сенат қабырғасында шамамен 400-ден астам сұрақ пен ұсыныс айтылды. Депутаттардың ұсыныстары бүгінгі таңда мұқият қаралуда және алдағы уақытта жұмыста ескерілетін болады.

Үкіметтің есебін қолдауды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Баяндама жасау үшін келесі сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Пірматов Ғалымжан Олжаұлына беріледі.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2021 жылы әлем экономикасы пандемияға дейінгі деңгейге қайта оралды. Жаһандық жалпы ішкі өнімнің өсуі 2021 жылы 6,1 пайызға жетіп, 40 жылдан астам уақыт ішінде ең жоғарғы көрсеткішке жетті.

Қазақстан экономикасы да 2021 жылы 4,1 пайызға өсіп, пандемияға дейінгі деңгейге оралды.

Шамадан тыс сұранысқа әкеп соқтырған әлемдік экономиканың тез қалпына келуі аясында шикізаттың, материалдар мен азық-түліктің бағасы ең жоғары деңгейге жетті. Бұл энергетикалық дағдарыспен бірге әлемнің көптеген елдерінде рекордтық инфляцияға әкелді.

Сыртқы инфляциялық қысым жаппай вакцинация мен шектеулердің әлсіреуі, жаһандық іскерлік белсенділіктің жоғарылауы және дағдарысқа қарсы ауқымды шаралар жүргізу есебінен әлемдік экономиканың ұсыныс мүмкіндіктерінен тез қалпына келуі жағдайында өсті.

Сыртқы факторлармен қатар жекелеген тауар нарықтарындағы ішкі теңгерімсіздіктер елдегі инфляциялық қысымды күшейтті. 2021 жылдың бірінші жартысында инфляциялық процестердің тұрақтануына қарамастан жылдың ортасынан бастап инфляция азық-түлік, шикізат пен материалдар бағасының жалпы әлемдік трендінің аясында жылдамдай бастады. Жазғы кезеңде көкөніс нарығындағы теңгерімсіздік, жанар-жағар май және реттелетін қызметтер бағасының өсуі ішкі проинфляциялық триггерлер болды.

Осы жағдайда Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес инфляцияны 8,5 пайыз шегінде ұстап тұру бойынша шаралар қабылдады.

Ақша-кредит саясаты.

Сыртқы және ішкі инфляциялық қысымның өсу жағдайында Ұлттық Банк 2021 жылдың ортасынан бастап дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуге кірісті, базалық мөлшерлемені жиынтығында 9,75 пайызға дейін 75 базистік тармаққа үш рет көтерді.

Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп өткен жылғы қыркүйекте ең алдымен инфляцияның монетарлық емес факторларын тұрақтандыруға бағытталған «2021 – 2024 жылдарға арналған инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін» іске асыруды бастады.

Нәтижесінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8,4 пайызға дейін баяулады.

Инфляцияға азық-түлік тауарлары негізгі үлес қосты, олар жекелеген тұтыну нарықтарындағы теңгерімсіздік және әлемдік азық-түлік бағаларының өсуі аясында жылдың қорытындысы бойынша 9,9 пайызға өсті.

Биылғы жылы инфляциялық қысым геосаяси дағдарыс басталуынан күшейді, одан кейін ақпан-наурызда теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуі, сондай-ақ жоғары белгісіздіктің салдарынан шамадан тыс өскен тұтынушылық белсенділік орын алды. Оның салдарынан инфляция ақпандағы 8,7 пайыздан мамырда 14 пайызға дейін өсті.

Жылдық мәнде 19 пайызға жеткен азық-түлік өнімдері бағаның өсуіне ең қомақты үлес қосты.

Сыртқы инфляциялық жағдай азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының артуына қысым көрсетуді жалғастыруда, олардың өсуі 11,9 пайызға дейін жеделдеді.

Реттелетін қызметтердің бағасын өсіруге енгізілген мораторийдің тежеуіш әсеріне қарамастан ақылы қызмет инфляциясы 9,1 пайызға дейін өсті.

Сыртқы секторда геосаяси ахуалдың едәуір нашарлауы жағдайында сыртқы шоктың ел экономикасы үшін салдарын барынша азайту, баға тұрақтылығын сақтау және жергілікті валютадағы активтерді қорғау мақсатында Ұлттық Банк 2022 жылғы 24 ақпанда базалық мөлшерлемені 13,5 пайызға дейін көтерді.

Үкіметпен бірлесіп жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақыны бюджет қаражаты есебінен төлеуді көздейтін Теңгелік салымдарды қорғау бағдарламасы жарияланды.

Үдемелі сыртқы инфляциялық қысым, жалғасып келе жатқан ынталандырушы фискалдық саясат, тұрақты ішкі және сыртқы сұраныс, инфляциялық күтулердің өсуі

жағдайында 25 сәуірде базалық мөлшерлеме 14 пайызға дейін көтерілді. Сонымен қатар Ұлттық Банк айырбастау бағамының күрт ауытқуын және оның инфляцияға ауысуын шектеу шараларын қабылдады. Нәтижесінде айырбастау бағамы күрт ауытқудан кейін өткен жылдың соңындағы деңгейге қайта оралды. Осы әрекеттердің нәтижесінде долларландырудың өсу тәуекелдері азайып, қаржы жүйесі сыртқы шоктарға төтеп бере алды.

Инфляцияға қарсы саясатты күшейту үшін Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жаңартылған 2022 – 2024 жылдарға арналған инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін іске асыруда.

Қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективадағы инфляция тәуекелдерінің қазіргі балансын, сондай-ақ жаңартылған болжамдарды ескере отырып, Ұлттық Банк биылғы жылғы 6 маусымда базалық мөлшерлемені 14 пайыз деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Ұлттық Банк 2022 жылдың соңында инфляцияның 13-15 пайыз деңгейінде болатынын болжап отыр. Болжам Үкіметтің инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін іске асыруын ескере отырып жасалды.

Төлем балансы.

2021 жылы төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы 5,7 миллиард доллар болды. Ағымдағы шоттың теріс сальдосының қысқаруы сауда балансының жай-күйінің жақсаруына байланысты.

Сауда балансының профициті екі есе, 2020 жылғы 10,3 миллиард доллардан 2021 жылы 20,7 миллиард долларға дейін ұлғайды. Профициттің өсуі тауарлар экспортының өсуімен қамтамасыз етілді.

Алдын ала деректер бойынша ағымдағы шот 2022 жылғы бірінші тоқсанда профицитпен қалыптасып, 2,2 миллиард доллар болды. Ағымдағы шоттың теріс сальдосының оң аймаққа ауысуы сауда балансының жақсаруына байланысты.

Сауда балансының профициті 6,3 миллиард долларға ұлғайып, 9,9 миллиард доллар болды. Профициттің өсуі мұнай бағасының өсуіне байланысты тауарлар экспортының импорттан озып өсу қарқынымен қамтамасыз етілді.

Уважаемые депутаты! Устойчивая глобальная инфляция в условиях постковидного восстановления мирового спроса, простимулированного мягкой фискальной и монетарной политикой, вынуждает правительства и центральные банки многих стран сокращать стимулы по поддержке своих экономик. Высокий уровень инфляции негативным образом отражается на качестве экономического роста и благосостоянии граждан. Как следствие, многие центральные банки как развитых, так и развивающихся стран перешли к циклу повышения ключевых ставок для снижения инфляционного давления и сохранения покупательской способности населения.

В этой среде Национальный Банк будет сфокусирован на недопущении раскручивания инфляционной спирали и продолжит реализацию денежно-кредитной политики с главной целью – обеспечить ценовую стабильность в среднесрочной перспективе.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғалымжан Олжаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Слово для доклада об отчете Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета по исполнению республиканского бюджета за 2021 год предоставляется Председателю Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Годуновой Наталье Николаевне.

ГОДУНОВА Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар және Үкімет мүшелері! Разрешите поблагодарить всех депутатов Верхней палаты за активную работу и детальное рассмотрение заключения Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета. Мы постарались ответить на все ваши вопросы и предоставить все запрашиваемые материалы.

Традиционно расскажу о выявленных государственным аудитом нарушениях и системных проблемах, требующих решения.

Нарушений в 2021 году установлено на 27 процентов меньше, чем в предыдущем. За отчетный период неэффективно использованы средства на общую сумму 413 миллиардов тенге, в том числе:

финансовые нарушения – 79 миллиардов тенге, из них 85 процентов по бухгалтеру; неэффективное планирование и использование – 200 с лишним миллиардов тенге; возврат средств в республиканский бюджет составил 17 миллиардов тенге; остатки на контрольных счетах наличности – 47 миллиардов тенге.

За последние три года Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета в правоохранительные органы передан 121 материал, из них 56 в прошлом году.

На сегодняшний день в производстве находятся 32 материала, передано в суд только три дела. Насколько нам известно, сейчас по многим материалам расследование возобновляется.

Надо признать, что по большинству аудитов Правительством проводится работа по устранению выявленных нарушений. Многого достигнуто. При этом считаем важным обозначить ряд системных проблем, решение которых позволит повысить эффективность расходования государственных ресурсов.

Первое. Мы живем не по средствам. В 2021 году обеспеченность расходов республиканского бюджета чистыми доходами (не считая гарантированный и целевой трансферты из Национального фонда и поступления займов) составила 50 процентов. Это и есть наши реальные возможности без учета сырьевого сектора.

Несмотря на ограниченные возможности бюджета, в 2021 году мы начали более 1100 новых проектов. Большая часть инвестиционных проектов (90 процентов) реализовалась за счет средств Национального фонда. При этом в прошлом году не завершено по плану 64 проекта.

Следует отметить, что расходование средств Национального фонда, во-первых, не соответствует утвержденной концепции, во-вторых, противоречит прогнозам развития мировой экономики.

По информации Всемирного Банка, темпы роста мировой экономики резко упадут с 5,7 процента в 2021 году до 2,9 процента уже в 2022 году. Плюс другие внешние негативные

факторы, которые, очевидно, скажутся и на нашей экономике. Причем не лучшим образом. Мы должны быть к этому готовы.

В этом году нас спасает высокая цена на нефть. Однако больше половины средств, выделенных из Национального фонда, мы направляем на текущие мероприятия. И сейчас при формировании республиканского бюджета на будущий год, похоже, происходит то же самое.

Простая логика подсказывает, что должен быть полностью сформирован текущий бюджет. И только из того, что осталось, необходимо формировать бюджет развития. Рассчитываем, что Министерство финансов будет придерживаться этой позиции, чтобы в середине финансового года не ставить ребром вопрос о выделении средств из Национального фонда.

На наш взгляд, Президент дал очень конкретную установку по этому вопросу: «Республиканский бюджет не должен опираться на использование средств Национального фонда. Следует постепенно сокращать трансферты».

Несколько лет мы говорим о тенденции роста государственного долга. И что же? В 2021 году привлечено внешних займов на 1,1 триллиона тенге. Это в 4 раза больше, чем в 2020 году (297 миллиардов тенге).

Второе. Есть резервы в совершенствовании налогового и таможенного администрирования, главный из которых – расширение налогооблагаемой базы, легализация теневой экономики. До пандемии, по данным Бюро национальной статистики, доля национальной экономики немногим превышала 20 процентов. Мы считаем, что сейчас она возвращается близко к 30 процентам, учитывая то оживление экономики, которое происходит, и те потери, которые понес бизнес в период пандемии.

Третье. Межбюджетные отношения. Как ни парадоксально, но здесь практически ничего не изменилось. За последние пять лет изъятия в регионах-донорах составили 1,6 триллиона тенге. При этом объем целевых трансфертов им же на 500 миллиардов тенге превысил изъятия и составил 2,1 триллиона тенге.

Новая Методика определения трансфертов общего характера, принятая Министерством национальной экономики в прошлом году, не работает. Регионам-донорам устанавливают больше изъятий, но дают еще больше трансфертов, то есть обходят данную методику. В результате ситуация не изменилась. В текущем году при плане изъятий в сумме 490 миллиардов тенге в регионы-доноры планируется направить 712 миллиардов тенге целевых трансфертов. То есть для дотационных регионов такая ситуация была, такая и есть, даже немного ухудшилась.

Хотелось бы, чтобы Правительство придерживалось выработанных и объявленных подходов.

Четвертое. В 2021 году проведена трансформация системы государственного планирования. Мы очень рассчитывали, что это позволит не расплывать государственные ресурсы и сосредоточиться на решении главных задач в каждой отрасли. Были приняты национальные проекты. Но, по сути, мало что изменилось, большинство из них просто подменили собой государственные программы.

Главенства результата над процессом не появилось, финансирование – лишь 57 процентов от потребности из-за того, что не смогли четко определить приоритеты в

рамках тех средств, которые есть. Нет финансирования в необходимых объемах, значит, и за результат спросить не можем. Как говорится «утром деньги – вечером стулья».

Пятое. Строительство дорог и инфраструктуры не дает мультипликативного эффекта без развития обрабатывающей промышленности. Ее доля в ВВП за последние 10 лет выросла лишь с 11 до 13,3 процента. Хотя в качестве государственной поддержки были выделены значительные ресурсы, предоставлены сотни миллиардов налоговых льгот и инвестиционных преференций.

Наверное, в этих условиях главная задача – удержать цены на продукты питания и увеличить их собственный выпуск.

Вместе с этим нет ожидаемой отдачи от политики импортозамещения. Отечественные товаропроизводители не смогли восполнить потребности Казахстана даже в базовых продовольственных товарах. А мы – страна с высоким аграрным потенциалом. Ситуация такова, что где-то выгоднее вывозить сырье, чем развивать переработку. В итоге импортируем продукты питания, в том числе из нашего сырья. Как результат, почти 50 процентов в потребительских расходах населения занимают продукты питания. Да и самочувствие населения не соответствует 4 процентам роста ВВП из-за высокой инфляции.

Здесь должна была сработать программа «Экономика простых вещей». Однако фактически только половина средств направлена на пищевую и легкую промышленность, остальное – на гостиницы, частные школы, стоматологии, услуги, что даже с натяжкой трудно отнести к производству товаров народного потребления.

Шестое. Прошло больше года после аудита эффективности деятельности специальных экономических зон. Я этот вопрос включила, поскольку он активно обсуждался в рабочих группах и комитетах.

Более 100 поручений, данных акиматам и управляющим компаниям, практически все выполнены. Четыре рекомендации Правительству, в том числе по рассмотрению целесообразности дальнейшего функционирования ряда специальных экономических зон и внесению изменений в Земельный кодекс в части установления ограничения на передачу в залог земельных участков, полученных участниками специальных экономических зон, находятся в работе.

Конечно, показатели деятельности специальных экономических зон значительно не улучшились. Выпуск ими продукции в ВВП по-прежнему занимает всего 1,5 процента, а доля в экспорте совсем незначительная – 0,2 процента. Но работа профильным министерством ведется, надо сказать, комплексная работа.

Поскольку решение многих проблем связано с принятием изменений в законодательство, мы продлили сроки исполнения. В декабре текущего года мы будем иметь итоговую информацию. Я думаю, что какой-то пакет документов Правительство внесет в Парламент на осенней сессии.

И последнее. О повышении эффективности квазигоссектора. Медленными темпами, но участие государства в экономике сокращается. К сожалению, качественно – только за счет государственных предприятий. Есть вопросы к приватизации таких объектов. Ниже рыночной стоимости продано почти 40 процентов объектов в общей сложности дешевле на 23,5 миллиарда тенге.

Все также высоки объемы финансирования квазигоссектора из республиканского бюджета – 722 миллиарда тенге. Наверное, уже пора проявить в этих вопросах самостоятельность. Государство ждет прибыли и развития. По факту убытки 203 миллиарда тенге, 93 процента из них приходится на акционерные общества – организации, которые должны приносить прибыль и генерировать доходы. И это притом, что для них до сих пор сохраняются зачастую привилегированные условия – размещается госзадание, обеспечивается льготное кредитование, делаются целевые вклады и перечисления.

Дивиденды незначительные – 16 процентов от чистого дохода при поручении Главы государства в 70 процентов. Недополучено порядка 500 миллиардов тенге.

Это важные, на наш взгляд, проблемы, которые требуют решения.

В завершение своего выступления хотелось бы отметить, что вместе с депутатами Парламента и Правительством мы продолжим работу по повышению эффективности использования государственных ресурсов.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Наталья Николаевна, присаживайтесь.

Баяндамалар аяқталды. Енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Дүйсенова Тамара Босымбекқызына арналады.

Тамара Босымбекқызы, Үкіметтің 2021 жылға арналған есебінде «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағыты бойынша үш көрсеткішке қол жеткізілмегені көрсетілген. Атап айтсақ, ауылдық жерлерге бөлінген шағын несиелер 3 мың 331 бірлікке, жастарға бөлінген шағын несиелер 1 мың 755 бірлікке, кепілдік беру 732 бірлікке кем берілген. Сондай-ақ ауылдық және қалалық елді мекендерге берілген кепілдіктердің жоспарлы көрсеткіші өтініш берушілер тарапынан сұраныстың болмауына байланысты 84 пайызға орындалмаған.

Сонымен қатар есепті жылы осы бағытта 9 мың 963 шағын несие берілген болса, оның ішінде жалпы сомасы 6,1 миллиард теңгені құрайтын 7 жылға дейінгі мерзімге 4 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлеменен 3 мың 245 шағын несие, атап айтқанда, 1 мың 526 көп балалы және аз қамтылған отбасыға, 1 мың 696 жас азаматқа, ал еңбекке қабілетті мүгедектігі бар адамдарға тек қана 23 несие берілген.

1. Жұмыспен қамту саласында мемлекеттік қолдауға өтініштердің санын болжау мен жоспарлау қандай негізде жүзеге асырылады?

2. Еңбекке қабілетті мүгедектігі бар адамдар үшін шағын несиенің мұндай аз болуының себебі неде және оны көбейту бойынша шаралар қабылданады ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Тамара Қасымқызы, жауап беріңіз.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Рақмет, Ләззат Молдабекқызы.

Құрметті депутаттар, өздеріңізге белгілі, жалпы мемлекеттік қолдау бағдарламасын жасаған кезде қолдау механизмдерін жүзеге асыру үшін бес жыл алдындағы әрбір облыс бойынша жұмыссыздардың саны, өзін-өзі қамтыған азаматтардың саны, жастар және оқуды бітіріп жатқан жастардың санына қарап әр облысқа қажетті қаражат бөлінеді. Соның есебінен мемлекет көлемінде бағдарламаның аясында қаралатын қаражат жоспарланып белгіленеді.

Бұл бірінші сұраққа жауап.

Екінші сұрақ шағын несиелер жөнінде. Жалпы қандай санаттағы азамат болмасын шағын несиеледе барлығына берілетін бір ұстаным бар. Біріншіден, әрбір азамат «Бастау Бизнес» оқуынан өту керек, яғни сертификат алу керек. Екіншіден, олардың бизнес жоспары болу керек. Үшіншіден, азаматтарды несие алудан сәл тоқтататын залог беру мәселесі. Мен қарап шықтым, мүмкіндігі шектеулі азаматтарда да залог беру мәселесі бойынша проблемалар бар екен, сондықтан да биылғы жылы бұл кісілер шағын несиелермен қамтамасыз етілуден гөрі грантқа өтті. Биыл 20 мың грант берілгелі отыр, соның 10 мыңы әлеуметтік жағдайы нашар азаматтарға беріледі. Ендігі жылы да залог жөнінде, сертификаттар жөнінде және бизнес пландар жөнінде қосымша ұстанымдар болмау үшін осы мүгедектігі бар азаматтар грант жағына өткізіліп жатыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Мой вопрос адресован Министру сельского хозяйства.

Уважаемый Ербол Шырақпаевич! Тема страхования посевов становится все более актуальной с учетом климатических изменений. Например, в прошлом году в Костанайской и Акмолинской областях от засухи пострадало более 178 тысяч гектаров посевов зерновых. При этом только отдельные крестьяне, которые застраховали свои посевы, смогли получить страховые выплаты.

Как показывает мировая практика, создание реальной системы страховых гарантий способствует не только повышению инвестиционной привлекательности отрасли, но и создает дополнительную гарантию для сельхозтоваропроизводителей – возврат части их средств в период наступления страхового случая.

Следует отметить, что с 2020 года в Казахстане действует новая система добровольного агрострахования. Согласно отчету Правительства в 2021 году для указанных целей были выделены средства в сумме 1 миллиард 24 миллиона тенге, которые были выплачены сельскохозяйственным товаропроизводителям в связи с наступлением страховых случаев. Между тем активность фермеров в данном вопросе крайне низкая, то есть согласно этому же отчету за прошлый год было застраховано 156 тысяч гектаров, что меньше 1 процента от общей посевной площади в стране. Указанные площади в основном расположены в Акмолинской, Северо-Казахстанской и Костанайской областях.

Для примера, в странах Европейского союза под страховой защитой находятся более 60 процентов сельхозплощадей, где климатические риски гораздо ниже, чем в Казахстане.

Полагаем, что одной из ключевых причин низкой востребованности агрострахования в стране является недостаточный объем государственной поддержки и отсутствие культуры потребления страховых продуктов.

Сегодня в Казахстане государство субсидирует 50 процентов страховой премии для сельхозпроизводителей. Между тем в странах с развитым агросектором эти ставки варьируют от 60 до 95 процентов.

В этой связи вопрос. Учитывая высокие риски от климатических условий, какие меры принимаются министерством для стимулирования и применения новых подходов, позволяющих повысить эффективность данных мероприятий? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ербол Шырақпайұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемая Ольга Александровна! Да, действительно, вопрос страхования стоит остро у нас. Распространение именно опыта страхования не так широко у нас применяется в растениеводстве и животноводстве. Поэтому в План действий Правительства Республики Казахстан на 2022 год мы включили и проработали фактически все необходимые материалы, внесли в Министерство финансов об увеличении норматива субсидирования страховых премий с 60 до 80 процентов. Мы думаем, что до конца этого года мы будем применять страхование сельскохозяйственных животных. Со следующего рода в растениеводстве 80 процентов будет реализовано.

Ольга Александровна, сейчас Вы привели пример зарубежных стран. Но опыт показывает, что даже высокий процент субсидирования страховых премий, скорее всего, не будет являться гарантом того, что будет широко распространено страхование. В этой связи, наверное, по опыту тех же западных стран надо использовать вопрос стимулирования с точки зрения... Ставить застрахованность посевов, допустим, сельхозживотных как одно из необходимых условий для получения каких-то других видов мер государственной поддержки. На Западе это используется.

По поручению Правительства, Главы государства работает рабочая группа по реформированию системы субсидирования. В рамках этой рабочей группы мы обсудим вопрос целесообразности включения таких требований.

Со следующего года будет увеличено до 80 процентов субсидирование страховых премий. Я думаю, что размер застрахованных площадей увеличится. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшыларына арналады.

Құрметті Ғалымжан Олжаұлы, Мәдина Ерасылқызы! Ағымдағы жылы 7 маусымда Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің 14 пайыз деңгейінде сақталатынын жариялады. Бұл

жерде айтатын жайт, жыл басынан бері базалық мөлшерлеме тұрақты түрде қатарынан үш рет өсті. Ол туралы бүгін баяндамада айтылды.

Егер салыстыратын болсақ, дәл осы көрсеткіш Ресей Федерациясында ағымдағы жылдың 10 маусымынан бастап жылдық 9,5 пайыз деп бекітілген.

Қаржы экономиканың негізгі драйвері екенін ескерсек, бүгінгі нарық – несие қаражаттарының қолжетімсіздігін және қымбаттығын көрсетіп отыр. Оған қосымша банктер әлеуетті қарыз алушыларға да өте қатаң талаптар қоюда. Соның салдарынан заңды тұлғаларға несие берудің төмендегені байқалады. Мәселен, тек қана бір жылдың ішінде өткен жылдың сәуірінен ағымдағы жылдың сәуіріне дейін заңды тұлғаларға несие беру 18 пайызға төмендеді. Ал елімізде кредит беру деңгейі жалпы ішкі өнімнің шамамен 25 пайызын құрайды, басқа бірқатар дамушы елдерде ол 60-70 пайызды құрап, дамыған Еуропа елдерінде, Сингапурда, Оңтүстік Кореяда ол жалпы ішкі өнімнің 150 пайызына дейін жетуде.

Бүгінгі күні Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің төмендеуіне үзілді-кесілді қарсы болып, қатаң ұстанымда тұр. Несие ставкалары үшін базалық мөлшерлеме өте маңызды, бірақ ол – жалғыз басты фактор емес. Оған сондай-ақ қорландыру құны, кредиттік тәуекел деңгейі сияқты басқа да талаптар әсер етіп жатыр. Сонымен қатар банк несиелеріне балама несие нұсқалары да бар. Мысалы, қор нарығына инвестиция тарту.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты төмендегідей сұрақ туындайды:

1. Осы мәселеде экономикалық дамыған елдердің деңгейіне бағдарлана отырып, экономиканы кредиттік қаражатпен қамтамасыз ету үшін қандай да бір ұзақ мерзімді нақты жұмыстар жүргізіп отырсыздар ма?

2. Баламалы банктік несие туралы ұстанымдарыңыз қандай және оларды дамыту бойынша қандай жоспарларыңыз бар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ғалымжан Олжаұлы, жауап беріңіз.

ПІРМАТОВ Ғ.О. Құрметті Сұлтанбек Алмасбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Біздің информацияға байланысты 1 мамырға қарағанда корпоративтік секторға берілген несиелердің шамасы 8 триллион теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың 1 мамырына қарағанда 12 пайызға жоғары. Ал кіші бизнесті айтатын болсақ, өткен жылдың 1 мамырымен салыстырғанда биылғы жылдың 1 мамырында несиелер 60 пайызға өсті. Берілген жаңа кредиттерді айтатын болсақ, корпоративтік секторға осы қаңтар-сәуір айларында 3,7 триллион теңге жаңа несие берілді. Бұл өткен жылдың қаңтар-сәуір айларымен салыстырғанда 16 пайызға жоғары. Оның ішінде кіші бизнеске 1,2 триллион теңге жаңа несие берілді. Бұл өткен жылғы қаңтар-сәуір айларына қарағанда 21,7 пайызға жоғары.

Сіздің экономикаға салыстырғанда банк несиелері шамамен 25 пайыз ғана болып тұр деген сұрағыңыз өте орынды. Мен бұл мәселені қараған кезде біздің экономикамыздың структурасын да есепке алған дұрыс қой деп ойлаймын. Өздеріңіз білетіндей, мұнай-газ саласы біздің экономикамызда үлкен орын алады, соның ішінде ең үлкен үш проект шетел инвесторларының қатысуымен жүзеге асырылып, солардың арқасында қаржыландырылып отыр.

Естеріңізде болса биылғы жылдың басындағы информацияға сәйкес шетел қарыздарының ішінде фермааралық қарыздар 96,1 миллиард доллар, ол экономиканың шамамен 50 пайызындай. Соның ішінде үш үлкен проектінің қарызы экономикамыздың, жалпы ішкі өнімнің шамамен 40 пайызындай. Бұлардың бәрі біздің банк секторынан алып отырған жоқ, шетелдегі инвесторлардың қарызынан алып жүзеге асырылып отыр. Егер сол қарыздарды қосатын болсақ, онда біздің экономикамыздың несиелендірілуі басқа елдердің несиелендірілуімен салыстыруға келетіндей жағдайға жетеді. Ал басқа альтернативтік қаржыландыру туралы айтсақ, әрине қаржы нарығын дамыту өте үлкен күрделі мәселе. Ол жөнінде біз жұмыс жасап жатырмыз. Мен өткенде ғана Мемлекет басшысына мемлекеттік құнды қағаздар нарығын дамытуға арналған келесі екі жылға алға қойған мақсаттарымызды баяндап бердім.

Бұны әр жағынан қараған дұрыс. Әрине, бір жағынан инвесторлар базасы керек. Өкінішке қарай, бізде қазір ондай әртарапты инвесторлар базасы көп емес. Екінші жағынан эмитенттер керек, жаңа айтылып өткен приватизация керек.

Эмитенттер неге транспарентті болып, неге қаржы нарығына шықпайды деген сұраққа да жауап беру керек. Үкімет органдарына, сот жүйесіне сенім керек.

Әрине, көтеріп отырған сұрақтарыңыз өте маңызды. Біз ол сұрақтар бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

Менің әріптесім Мәдина Ерасылқызы әрі қарай қосып айтып берер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Мәдина Ерасылқызы, жауап беріңіз.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М. Е. Сұрағыңызға рақмет.

Ұлттық Банктің мәліметіне сәйкес экономикаға кредит беру тұрақты өсуде. Өткен жылы экономикаға кредит беру 26 пайызға өсті. Оның ішінде заңды тұлғаларға кредиттердің өсуі 9,3 пайыз болды. Өткен бес жылда алғаш рет бизнеске арналған кредиттер теріс көрсеткіштен оң көрсеткішке ауысты.

Осы жылдың басынан бері бизнеске берілген кредиттер 3,3 пайызға өсті.

Енді экономиканы кредиттеудің өсуін қамтамасыз ету үшін агенттік өз тарапынан тиісті жүйелік шараларды қабылдады. Негізінде жұмыс екі бағыт бойынша жүргізіліп жатыр. Біріншіден, бұл банк секторын толығымен капиталдандыру, активтердің сапасын жақсарту. Екіншіден, пруденциялық реттеу шаралары.

Соңғы екі жыл ішінде банктердің балансынан 1 триллион теңгеге жуық проблемалық кредиттер шығарылды. Банктер қосымша 600 миллиард теңгеге жуық провизиялар жасады. Одан басқа банктердің акционерлері өз қаражаты есебінен 128 миллиард теңге қосымша капитал құйды. Осы шаралардың нәтижесінде банк активтерінің сапасы айтарлықтай жақсарды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істемейтін кредиттердің деңгейі 3,3 пайызға дейін төмендеді. Бұл соңғы 14 жылдың ішіндегі ең төменгі көрсеткіш. Бұдан басқа қазіргі уақытта банктердің бизнес-процестерін, оның ішінде кредит беру процестерін халықаралық стандартқа келтіру үшін қажетті жұмыс істеліп жатыр. Банктермен бірге үш жылға арналған жоспарлар бекітілді.

Осы шаралардың нәтижесінде Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес болашақта жаңа проблемалық кредиттерді өсірмеу және банктерді мемлекеттің бюджеті тарапынан қаржыландыруға жол бермеу үшін осындай мүмкіндік беріледі.

Одан басқа бірқатар пруденциялық реттеу шараларын қабылдадық. Кәсіпкерлер көтеретін ең өткір мәселелердің бірі – кепіл беру және оны дұрыс бағалау. Осы мәселені реттеу үшін агенттік өз тарапынан тұрақты кепілдіктер тізбесін кеңейтті. Оның ішіне қазіргі уақытта оффтейк-келісімшарттар, мемлекеттік квазикомпаниялар беретін кепіл тұрақты кепіл ретінде енгізілді. Сонымен қатар капиталды босату үшін орта және шағын бизнес үшін саралау тәуекелдерін екі есе азайттық, 100 пайыздан 50 пайызға дейін төмендеттік. Бұл шараны біз бір жылға ұзартамыз.

Енді өтімділікті босату үшін агенттік Базель комитеті қойған коэффициентті 0-ден 8-ге дейін бірден төмендетті. Осы шаралар өтімділікті 2,7 триллион теңгеге дейін қосымша босатуға мүмкіндік береді. Осылайша агенттік экономиканы сапалы кредиттеуді қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды жалғастырады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Жалпы Сұлтанбек Алмасбекұлы өте маңызды мәселені көтеріп отыр. В целом ответы хорошие, конечно, мы такие ответы принимаем. Как Галымжан Олжаевич в своем ответе сказал, та цифра, которая сейчас звучит, 25 процентов объема ВВП кредитования экономики, не соответствует реальности, учитывая, что крупные наши мейджоры, работающие на Кашагане, Карачагане и Тенгизе, привлекают внешнее заимствование, за счет этого реальные цифры могут приближаться примерно к тем стандартам и нормам, которые существуют в странах ОЭСР.

В то же время это показывает очень плачевную ситуацию (согласитесь, Галымжан Олжаевич) по диверсификации экономики. Если кредитование экономики у нас на очень низком уровне, если эти крупные нефтегазовые компании привлекают внешнее заимствование, соответственно, речь идет о дальнейшем закреплении сырьевой направленности нашей экономики. Чтобы экономика диверсифицировалась, нужно кредитование или нужны альтернативные источники фондирования. У нас кредитование зажато сегодня в силу ряда причин, альтернативных источников пока в достаточной степени нет. Нет развитого рынка ценных бумаг. Лизинговые механизмы тоже сегодня недостаточно эффективно работают. У нас прямое государственное финансирование тоже в силу бюджетных ограничений на невысоком уровне. Соответственно, сегодня у нас нет именно финансовой базы для диверсификации, потому что кредитная масса зажата.

Ситуация усугубляется чем? Мадина Ерасыловна сказала, что в целом большую работу провели в последние годы для того, чтобы очищать нашу банковскую систему. Все правильно. Но здесь есть обратная сторона. А обратная сторона в том, что сегодня так все зажато провизиями, нормативами, залогами, что предпринимателям очень сложно брать эти кредиты. Те механизмы, про которые Вы говорите, еще недостаточно им помогают.

И сегодня в банковском секторе мы что видим? Мы видим увеличение кредитования физических лиц за последний год на 40 процентов, в том числе потребительское кредитование. Мы видим, что банкам интереснее вкладывать в государственные ценные бумаги. Им неинтересно в силу разных причин, в том числе очень жестких нормативов,

установленных Национальным Банком и агентством, финансировать реальный сектор экономики. Им проще кредитовать потребительское кредитование. Им проще покупать ценные бумаги Министерства финансов и ноты Национального Банка. А как мы будем диверсифицировать экономику и обеспечивать качественный экономический рост, если у нас нет для этого денежной массы, кредитной основы?

Поэтому я думаю, что здесь сенаторы поднимают достаточно важный вопрос, который касается диверсификации экономики. В целом, возможно, нужно будет идти (Мадина Ерасыловна, мы с Вами об этом говорили) по пути того, чтобы посмотреть еще раз провизии, какие-то требования по залогам с тем, чтобы их смягчить для того, чтобы давать банкам возможность более свободно кредитовать реальный сектор экономики. Но, понятно, без расшатывания всей финансовой системы. На это мы тоже не можем пойти.

Сенаторы не первый раз этот вопрос поднимают. И, видимо, в этом направлении нужны конкретные шаги в предстоящий период со стороны всех вовлеченных структур и, конечно же, прежде всего Правительства, чтобы идти в сторону создания кредитной основы для диверсификации экономики или создания альтернативных источников фондирования.

Галымжан Олжаевич, Вы хотите прокомментировать? Пожалуйста.

ПРМАТОВ F.O. Я с Вами абсолютно согласен, нам нужно диверсифицировать нашу экономику.

Что может помочь нам диверсифицировать экономику? Как создать ту инвестиционную базу? Если нам удастся обуздать инфляцию и закорить инфляционные ожидания населения, со временем это создаст базу для доверия нашей национальной валюте и долгосрочного сбережения. Вот эта долгосрочная база сбережений создаст инвестиционную базу, то есть долгосрочное фондирование, которое поможет нам инвестировать. К сожалению, пока этого у нас нет.

Диверсификация экономики на стороне предложения – это тоже очень большая работа. Это создать условия для бизнеса, поддерживать частную инициативу, чтобы наши бизнесмены не переживали относительно того, как потом регулирование и другие вещи будут влиять на их бизнес. Это последовательная политика со стороны Правительства. Если бы мы создали более диверсифицированную экономику, мы были бы меньше зависимы от внешних шоков. Мы сейчас импортируем достаточно большой... За прошлый год 22 процента продуктовой корзины мы импортировали. 60 процентов непродуктовых товаров импортируем. Если бы мы создали более диверсифицированную экономику, то были бы меньше зависимы от внешних шоков.

Поэтому я с Вами абсолютно согласен, тут большая совместная работа. Мы со своей стороны готовы участвовать в этой работе, принимать активное участие.

ТӨРАҒА. Галымжан Олжаевич, для того чтобы снизить инфляцию (Ваш аргумент), надо диверсифицировать экономику, чтобы свое производство было, чтобы мы свой рынок своими товарами обеспечивали. Но как мы свое производство создадим, если нет фондирования? Здесь же вопрос: что первично? Если нет фондирования, как будет произведена диверсификация экономики, как появятся свои предприятия? И если мы будем просто ждать, когда они появятся, не финансируя экономику, то у нас получится... В этой

ситуации мы можем очень долгое время находиться. Сейчас агентство в парадигме стабильности, чтобы ничего лишнего в банковской системе не произошло. И это правильно. Но у каждого решения есть свои последствия. И последствия сейчас мы видим в том, что не финансируем нашу экономику.

Мы уже уходим немного в вопросы теоретические.

Келесі сұраққа көшейік. Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне сәйкес «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 2021 жылы 128 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсалған. Оның ішінде 82,5 миллиард теңге субсидия ретінде төленді. Нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 30 пайызды құрап отыр.

Сонымен бірге бағдарлама шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде облыстық бюджеттерге 1,1 миллиард теңге көлемінде мемлекеттік гранттар аударылған болатын. Бірақ бұл қаражаттың көлемі өте төмен екені айдан анық.

Жуырда Сенат Төрағасы бастаған бір топ депутат Түркістан облысында іссапарда болды. Іссапар шеңберінде Түркістан облысының бірқатар әлеуметтік кәсіпкерлерімен және жастармен кездесулер өткізілді. Кездесу барысында кәсіпкерлер мен жастар тарапынан мынадай нақты ұсыныстар айтылды:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторийді содзыру;
- 2) елімізде бірқатар бизнес бағдарламаларына сәйкес кепілсіз кредиттер азаматтардың кейбір категорияларына берілуде, сондықтан осы топтағы азаматтардың ішіне жастарды да қосу мүмкіндігін қарастыру.

Ерұлан Кенжебекұлы, осыған орай аталған мәселелерге қатысты не айтасыздар және бизнеспен айналысуға дайын жастар үшін шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша Үкімет қандай іс-шаралар қабылдайтын болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Әлімжан Сейітжанұлы! Иә, осы жылдың соңына дейін үш жылға мораторий енгізілді. Енді сол мораторийді микро және шағын бизнеске ұзартуға көп ұсыныстар келіп жатыр. Біз оларды талқылап жатырмыз. Осындай мораторий тек қана тексерулерді тоқтату ғана емес, ол күтетін кезең болып табылады. Ол бір жолғы шара. Мысалы, профилактикалық бақылауға көшуге, таза парақтан реттеушілік саясатты енгізуге де арналған. Осындай шараларға арналған.

Жалпы мораторийдің нәтижелері өте жақсы деп есептейміз, себебі тексерулердің саны 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 7 есеге, ал 2021 жылы 6 есеге, 64 мыңнан 10 мыңға дейін төмендеді. Ал биылғы бірінші тоқсанды алсақ, тексерулердің саны 80 пайызға төмендеді. Сол себепті нәтижелер жақсы.

Ал енді таза парақтан реттеушілік саясатына көшу үшін шаралар 2022 – 2023 жылдарға арналған, сол себепті бізде осы жылы да, келесі жылы да бар. Сондықтан қазіргі таңда микро және шағын бизнеске мораторийді бір жылға ұзартуды мұқият қарап жатырмыз. Осындай мүмкіндік бар.

Ал енді жастардың талаптары мен ұсыныстары бойынша екінші сұраққа көшсек, қазіргі таңда несие алу немесе қаржылай емес құралдарды пайдаланудың бірнеше құралы бар. Оның ішінде несие алушыларға субсидиялар бойынша «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы арқылы несиелер 6 пайызбен немесе моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдарда 5 пайызға беріледі. Одан басқа қаржылай емес басқа да құралдар бар (оқыту, цифрлық машықтарды көтеру және тағы басқалары), одан кейін 5 миллионға дейін гранттар беріледі.

Ал енді кредитке көшсек, микрокредиттер бойынша 20 миллион теңгеге дейін және сауда айналымын толықтыру үшін 5 миллионға дейін қаражат бөлініп жатыр. Оның ішінде жастардың үлесі өте жоғары. Сондай-ақ жастар бойынша арнайы құралдар да талқыланып жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Лұқпанұлына арналады.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Бүгінгі ең өткір әлеуметтік мәселелердің бастысы – халықты лайықты еңбекақысы бар сапалы жұмыспен қамтамасыз ету. Оны барлығымыз да айтып жүрміз.

Соңғы 10 жылда Үкіметтің «Еңбек» бағдарламасы, «Бастау Бизнес» жобалары, «Жас кәсіпкер» сынды көптеген бағдарламалары іске асырылуда. Бұл бағдарламалардың негізгі мақсаты жұмыссыздық мәселесін түбегейлі шешу, халықтың табысын арттыру болып табылады.

Тек «Еңбек» бағдарламасының өзіне соңғы 5 жылда 695 миллиард қаражат жұмсалған. Мақсатты индикаторларға толық қол жеткізілді, 2,3 миллион адам жұмысқа орналасты, оның ішінде 1,8 миллионы тұрақты деп есеп беріліп отыр. Дегенмен «тұрақты» деп құрып жатқан жұмыс орындарына орналасқан азаматтарды зейнетақы салымдары арқылы талдағанда көбісі үш-төрт айдан артық жұмыс істемеген, яғни ашылған жұмыс орындарының басым бөлігі уақытша болып, жұмыссыздар тек бір мезеттік шаралармен қамтылып отыр.

Бұл мәселеге Мемлекет басшысы да Үкіметтің назарын осы жылдың қаңтар айында аударған болатын.

Есеп комитеті қаралып отырған Үкіметтің есебіне «жұмыспен қамтуды қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралардың тиімділігін арттыру мәселесі осы уақытқа дейін өз шешімін таппай отыр» деген қорытынды беріп отыр.

Маусымдық жұмыстарға қабылдап, «тұрақты жұмыспен қамтылды» деп көрсеткенде біз не ұтамыз? Жұмысқа орналастырылды деп есеп беріледі де азаматтардың одан әрі тағдыры қадағаланып отырған жоқ.

Осы жобалардың тиімділігі неге төмен болды деген Үкімет тарапынан осы мәселеге сараптама жасалынды ма және бұған кім жауапты? Осы мәселеге байланысты алдағы уақытта Үкіметтің нақты жоспарлары бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы, жауап берсеңіз.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Ақмарал Шәріпбайқызы! Қойған сұрағыңыз өте маңызды. Жаңа өзіңіз айтқандай, «Еңбек» бағдарламасы арқылы 2,3 миллион азамат жұмысқа орналастырылған болатын. Оны өздеріңіз де жақсы біліп отырсыздар.

Ал енді тиімділігін қарастыратын болсақ, ол жерде сұрақтар жоқ емес. Дегенмен айтып кетуіміз керек, пандемияның кезеңінде қиын болғаны бәрімізге белгілі, оңай болған жоқ. Бірақ сол қиын кезеңдерде 4,9 пайыз деңгейінде жұмыссыздықты ұстап қалуымыздың өзі көптеген бағдарламаның тиімді жүзеге асқанын көрсетеді.

Сіз айтқан мәселе орынды. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында ол жерде көптеген бұзушылықтар да болған, оны жақсы білеміз. Соған байланысты жауапты қызметкерлер жауапқа тартылды, әсіресе бағдарламаларды аймақтарда жүзеге асыру бойынша. Соның бәрін ескере отырып біраз нақты өзгеріс кейіннен енгізіліп отыр, ол әсіресе биылғы жылға байланысты.

Біріншіден, ол жерде еңбек шарттары мен зейнетақы жарналарын электрондық биржа арқылы өткізу мәселесі бүгін күн тәртібінде. Ол нақты нәтижесін болашақта береді деп ойлап отырмыз.

Екіншіден, субсидияланатын жұмыс орындары бойынша келісімшарттар да толығымен осы жылдан бастап электрондық еңбек биржасы арқылы жасалатын болады.

Үшіншіден, гранттар беру тетігі де осы бағдарлама бойынша автоматтандырылып отыр. Сондықтан бұның бәрі де болашақта нақты нәтижесін береді деген үлкен сенімдеміз.

Тұрақты жұмыс орны мәселесін өзіңіз көтеріп отырсыз ғой, өткенде Сенат отырысында да бұл мәселені айтқанбыз. Ол жердегі мәселе оңай емес. Бірақ өткенде айтқандай, тұрақты жұмыс орнын мемлекеттік қызметте, квазигоссекторда, жеке шағын кәсіпкерлердің, орта және шағын бизнеспен айналысатын азаматтардың айналасында қамтамасыз етуге болады.

Жұмыс орны мәселесін түбегейлі шешіп тастау жөніндегі сұрағыңыз өте күрделі мәселе. Себебі жылына 300 мыңға жуық жастың еңбек нарығына енетінін ескеретін болсақ, бұл үздіксіз, болашақта қайта-қайта қарастырып, бірге шешетін мәселелер. Сондықтан оны бір жылдың ішінде түбегейлі шешіп тастау мәселесі өте күрделі, ашығын айтқанда, өмірлік нақты практикада ол мүмкін де емес. Сондықтан осындай нақты үрдістерді ескеруіміз керек.

Жаңа сұрағыңызда жауапкершілікті де көтеріп жатырсыз, биылдан бастап әрбір әкімдіктің деңгейінде, оның ішінде ауыл әкімдігінен бастап аудан, облыс әкімдерінің нақты еңбек нарығына қатысатын азаматтарға байланысты келісімшарттарды нақтылаудың өзі де КРІ арқылы міндеттеме ретінде бағаланатын болады. Сондықтан бұның бәрін қазір қадағалауда ұстап отырмыз.

Айтқан кемшіліктерді қабылдаймыз. Ол жерде мәселелер бар, оны бірге шешуге тырысамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Жамаубаеву.

Текущая тенденция использования средств Национального фонда вызывает серьезную обеспокоенность. Так, 56 процентов средств, выделенных из Национального фонда, использованы на финансирование текущего бюджета. Кроме того, имеет место частичное финансирование программы развития вкуче с другими источниками, что не дает в полной мере оценить эффективность использования средств Национального фонда.

Отсутствие критериев в законодательстве позволяет использование средств Национального фонда как дополнительного источника покрытия дефицита бюджета без целевого ориентирования на рост экономики.

Отсутствие четкого механизма использования этих средств на поддержку конкретных секторов экономики порождает параллельное финансирование однотипных проектов, допуская превышение стоимости.

Какие меры принимаются Правительством для нормативно-правового регулирования в вопросах эффективного использования средств Национального фонда? Прорабатывается ли вопрос установления ответственности должностных лиц за нерациональное и неэффективное использование средств Национального фонда?

ТӨРАҒА. Ерлан Кенжебекұлы, жауап беріңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет, Бақтыбай Ақбердіұлы.

На самом деле Вы поднимаете очень важный и стратегический вопрос, поскольку Национальный фонд выполняет для государства не только стабилизационную функцию, но и сберегательную. Мы все это четко осознаем. В настоящее время уже законодательно установлены определенные ограничения.

Первое. Соблюдение неснижаемого остатка Национального фонда, что четко отражено в концепции.

Второе. С этого года мы уже объем гарантированных трансфертов будем тратить в меньшем объеме, чем непосредственно поступает от нефтяного сектора в Национальный фонд.

Третье. Уже установили прямое ограничение роста государственных расходов. Это также нам дает возможность не тратить средства Национального фонда.

Кроме того, в этом году мы также установили, чтобы целевые трансферты, которые не были использованы в текущем году, были возвращены в Национальный фонд.

До этого Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета также было отмечено, что около 72 миллиардов тенге не были возвращены. Мы в

текущем году 60 миллиардов тенге полностью вернули в Национальный фонд, 12 миллиардов тенге в 2020 году во время пандемии при уточнении бюджета Указом Президента были использованы для доходной части бюджета.

Кроме того, мы поддерживаем предложение Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета по перечислению возврата кредитных денег в Национальный фонд. Для этого мы соответствующие нормативно-правовые акты разработаем.

Касательно установления ответственности. Как вы знаете, средства Национального фонда используются исключительно через республиканский бюджет. По неэффективному планированию и нерациональному использованию бюджетных средств в бюджетном законодательстве предусмотрена ответственность. Поэтому мы по использованию денег Национального фонда, думаем, нет необходимости предусматривать отдельную ответственность.

В настоящее время мы разрабатываем вместе с Администрацией Президента Концепцию управления государственными финансами всей страны. В этом документе будут отражены все параметры, ковенанты, необходимые нормы по сбережению и умножению Национального фонда.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігіне арналады.

Өздеріңізге мәлім, климаттық өзгерістер, трансшекаралық әсер сияқты күрделі факторлар елімізде су ресурстарын басқару мәселесіне ерекше талап қоюда.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында судың өнімсіз шығындарының себептерін айта келе, оны үнемдеу мәселелері бойынша Үкіметке тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Бүгінде суармалы егістіктің шамамен 1,2 миллион гектары немесе 77 пайызы тиімсіз әдіс-тәсілдермен суарылып, тек 258 мың гектарда ғана суды үнемдейтін заманауи технологиялар қолданылуда.

Ресми деректерге сәйкес жалпы сомасы 134 миллиард теңге құрайтын халықаралық қарыздардың есебінен қолға алынған жобалар бойынша жоспарланған индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізілмеген. Сонымен қатар бүгінге жобалық-сметалық құжаттамалар сапасының төмендігі және жауапты министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара іс-қимылдың жоқтығы салдарынан ірі үш жоба бойынша ғана 127 миллиард теңге игерілмеген.

Осыған байланысты келесідей сұрақтар туындайды:

1. Сала эксперттерінің болжамы бойынша ауыл шаруашылығында суды тұтынудың қазіргі жағдайы жалғасатын болса 2030 жылға қарай судың ықтимал тапшылығы 11,7 куб километрді құрауы мүмкін. Осы орайда Мемлекет басшысының суармалы жер алаңдарын 3 миллион гектарға дейін ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау және оларды қажетті

сумен қамтамасыз ету үшін министрліктер тарапынан қандай нақты іс-шаралар қолға алынууда?

2. Еліміздегі суармалы жерлердің 72 пайызға жуығы оңтүстік өңірлерде орналасқан және олардың басым көпшілігі трансшекаралық өзендерден келетін суға тәуелді. Бұл тұрғыда суармалы жерлерді ұлғайту барысында мүмкін болатын олардың теріс ықпалдарының тәуекелдеріне талдау жасалды ма?

Сондай-ақ су үнемдеу технологияларын ынталандыру бойынша қандай жұмыстар атқарылуда және олардың қаржы тиімділіктеріне сараптамалар жүргізілді ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Серікқали Аманғалиұлы, жауап беріңіз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Дүйсенғазы Мағауияұлы! Бүгінгі күні суармалы жерлердің ауданы 1,6 миллион гектарды құрайды. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында суармалы жерлердің алаңын 2025 жылға дейін 600 мың гектарға ұлғайту жоспарланған.

Жалпы республикада ұзындығы 21,5 мың километрге жуық 3,5 мың магистральды су каналы бар. Солардың жартысынан көбінің техникалық жағдайы төмен. Атап айтқанда, 2021 жылға дейін каналдардың 5,6 мың километрі қалпына келтірілді, сонымен бірге 2025 жылға дейін 6,4 мың километрді қайта жаңартуды жоспарлап отырмыз. Нәтижесінде су шығыны 1,7 куб километрге дейін азаяды. Сонымен қатар 2030 жылға дейін 39 жаңа су қоймасын салу жоспарланған, оның ішінде 2025 жылға дейін көлемі 1,7 куб километр болатын 9 су қоймасы бар. Солардың біріншісі – Түркістан облысындағы «Кеңсай-Қосқорған-2» су қоймасы былтыр пайдалануға берілді. Қалғандары бойынша жобалау құжаттамасы әзірлену үстінде.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес каналдарды цифрландыру жұмыстары жасалып жатыр, 2025 жылға дейін 212 канал қамтылады. Былтыр 23 каналда жұмыс аяқталып, биыл 89 каналда жұмыс жүріп жатыр.

Жалпы алғанда көрсетілген шаралардың нәтижесінде шығындарды үнемдеп, қосымша 4,2 куб километр су жинап, сондай-ақ артық шығынды 1,2 куб километрге дейін азайтуға мүмкіндік беріледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ербол Шырақпайұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Дүйсенғазы Мағауияұлы! Расында да су тапшылығы проблемасы осы бір-екі жылға ғана емес, алдымыздағы 10 жылдықтарға қалыптасып жатқан проблема. Сол себепті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері соған дайын болып, осы жағдайларда өнім алып, табыс алып жұмыс істейтіндей жағдай жасау – біздің бірінші мақсатымыз. Сондықтан бірнеше министрлік бірнеше бағыт бойынша жұмыстарды атқарып жатыр.

Біріншіден, заманауи су үнемдеу технологияларын фермерлердің пайдалануын ынталандыру. Ол өз нәтижесін көрсетіп жатыр. Соңғы 5 жылдың ішінде біз заманауи су

үнемдеу технологияларын пайдалану алқаптарының көлемін 41 пайызға көтердік. Басында 2017 жылы 183 мың гектар болып еді, биылғы жылы біз 265 мың гектарға дейін жеткізіп, 2025 жылы 450 мың гектарға дейін жеткізгелі отырмыз.

Екіншіден, суды көп қажет ететін, әсіресе оңтүстік өңірлердегі дақылдардың алқаптарын төмендету, оның орнына пайдасы жоғары басқа дақылдарды егуге ынталандыру.

Үшіншіден, қазақстандық селекциядан су тапшылығына төзімді тұқымдарды шығару. Сол тұқымдарды агроөнеркәсіп кешені тауар өндірушілерінің кеңінен пайдалануын ынталандыру. Осы жұмыстардың бәрі қазір атқарылып жатыр.

Әрине, тиісінше заманауи су үнемдеу технологияларын пайдалану үшін өзіміздің Жол картамыз бар, жобалардың барлығының тізімі бар. 2025 жылға дейін 450 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған, жыл сайын бәрін бөліп қойғанбыз. Біз Экология министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен тығыз қатынастамыз. Жоспарлардың бәрін сәйкестендіріп, суды да жеткілікті болатындай қылып жұмысты атқарып жатырмыз. Жұмыс атқарылады, біздің бақылауымызда.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына арналады.

Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес жекешелендіруге жататын республикалық меншіктегі ұйымдардың тізбесі бекітілді. Тұтастай алғанда жекешелендіру жөніндегі жоспарды орындамау мәселесінен басқа, объектілерді нарықтық құнынан төмен сату орын алып отыр. Ал жекешелендірудің мақсаты бәсекелес ортаға берілген объектілерден мемлекеттің экономикалық пайдасын алу болып табылады. Мәселен, Есеп комитетінің деректеріне сәйкес 2021 жылдың қорытындысы бойынша құны нарықтық бағадан 21 пайызға төмен 218 объект сатылды. Олардың нарықтық құны 74,3 миллиард теңгені құраса, ал сату құны 59 миллиард теңгені құрады.

Бірқатар өңірлер бойынша сату құнын айтарлықтай төмендету фактілері байқалады. Мәселен, Жамбыл облысында нарықтық құны мен сату құны арасындағы айырмашылық 15 есе, Алматы қаласы бойынша 3,2 есе, Алматы облысы бойынша 2,4 есе.

Квзимемлекеттік сектор объектілері бойынша объектілерді сату нарықтық құнынан 11 есе төмен жүзеге асырылды. Нарықтық құны 9,4 миллиард теңге, сату құны небәрі 864 миллион теңгені құрады. Осылайша аталған фактілер жекешелендіру процесінің төмен тиімділігін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болу ықтималдығының жоғары екенін көрсетеді.

Сұрақ: жекешелендіру объектілерін төмендетілген құнмен сату фактілерін азайту үшін бүгінгі күні қандай шаралар қолдандыңыз немесе алдағы уақытта қолданасыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап беріңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Бекболат Серікбекұлы! Жалпы жекешелендіруге қатысты келесі маңызды мәселелерді айтқым келіп отыр.

Біріншіден, жекешелендіретін мүліктің заңда көрсетілген үш түрлі құны бар. Бірінші – баланстық құны, ол өзінің бухгалтерлік балансында көрсетілген. Екінші – бағаланатын құны, бұны тәуелсіз бағалаушы ұйымдар бағалайды. Үшінші – нарықтық құны. Бұл сол объекті сатылған кезде оған деген сұраныс пен ұсыныс арқылы қалыптасын құн.

Бұл жерде біз осы кешенді жоспарға енгізілген кәсіпорындардың бәрін талдап, сараптап көрген кезде олардың 60 пайызға жуығы бірінші сатылуда емес, екінші, үшінші, одан кейінгі сатылуларда ғана сатылған, яғни алғашқы бағаланған бағадан төмен бағамен сатылған. Бұл дегеніміз нарықтық бағадан төмен бағамен сатылған сөз емес, көп жағдайда бағалайтын ұйымдар бағасын есептеген кезде жоғарылатып есептейді, себебі көптеген мемлекеттік сатуға қойылған ұйымдар сол сатуға қойған кезде мемлекеттік заказ алып отырады, тапсырыстар алып отырады, мемлекеттік бюджеттен дотация немесе қаржы алып отырады және олардың шоттарында қомақты ақша болады. Соның барлығы есептелген кезде кәсіпорынның бағаланатын бағасына әсер етеді. Егер сондай жеке кәсіпорынды алатын болсақ (екеуі де бірдей), оның бағасы сатып алатын бизнесменге әлдеқайда қызығырақ болады. Сондықтан да олар бірінші сатылымда көп жағдайда жоғары бағаланады, одан кейін сатып алынбайды.

Дегенмен де біз бұның бәрін қазір сараптап отырмыз. Бұл тек қана бағаланған бағадан төмен сатылғаннан кейін тиімді емес деп айтуға болмайды, себебі тиімділік дегеніміз сол сатып алынған кәсіпорынның профилі сақталды ма, жұмыс орны сақталды ма, қанша салық төлеп отыр және де экономикаға қандай тиімділігін әкеліп жатыр, осының бәрін қосып, ол тиімді сатылды ма, жоқ тиімсіз сатылды ма деп тиімділігін шығаруымыз керек.

Осы орайда біз методиканы қазір өзгертіп жатырмыз. Бірінші сатылымнан кейін бағасын күрт төмендетпейтін жағдайға әкелу керекпіз. Одан кейін бір рет сатылмаса да, екінші рет сатылмаса да бірнеше рет сатылуға қойылатындай мүмкіндікті қалдыру керек, себебі көп жағдайда сол екінші, үшінші сатылымды бизнесмендер күтіп отырады да бағасы төмендегенде сатып алады.

Осының бәрінің методикасын біз қазір жасап жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Ерұлан Кенжебекұлы, жалпы бұл өте маңызды мәселе. Бұл жердегі сенаторлардың көтеріп отырған мәселесін жекешелендіруді тоқтату керек, не азайту керек деп қабылдамаңыздар. Жалпы біз бұл процесті әрі қарай қарқынды жүргізуіміз керек. Біз экономикамызды әртараптандыруды айтып жатырмыз, дамытуды айтып жатырмыз. Ал экономикамызды дамыту үшін біз жалпы мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтуымыз керек. Бүгінгі күні әртүрлі ақпараттар бар, әртүрлі цифрлар бар, бірақ жалпы 40 пайыз деген ұстаным бар.

Біздің экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесі кем дегенде 40 пайыз. Оны енді ОЭСР мемлекеттеріндегі 20-22 пайызға дейін азайту – бұл біздің стратегиялық мақсатымыз деп қабылдаймыз. Сондықтан бұған жету үшін әрі қарай да қарқынды жекешелендіруді жүргізуіміз керек.

Бұл жердегі әріптестеріміздің көтеріп отырған мәселесі – бұл процесті ашық жүргізу керек, әділ жүргізу керек, бәрі заңды болу керек деген әңгіме. Бірақ жалпы біздің сенаторлардың да қолдап отырған саясаты – біз енді осы экономикамыздағы мемлекеттің үлесін табанды түрде азайтуымыз керек. Әрине, бұның стратегиялық бағыттарға қатысы жоқ. Бірақ мына квазимемлекеттік сектордағы компаниялар көп бағыттарда жұмыс істейді ғой, солардың біразын біз нарықтық ортаға берсек, ол стратегиялық тұрғыдан келген кезде, ұзақ мерзімді тұрғыдан келген кезде біздің экономикамыздың дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз. Сол себепті біз министрліктің, Үкіметтің жасап жатқан жұмыстарын қолдаймыз. Ары қарай да осыны қарқынды түрде жүргізсе деген өзіміздің сондай ұсыныстарымыз бар.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министріне арналады.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! В отчетном периоде согласно данным Счетного комитета объем целевых трансфертов, выделяемых регионам, составил 2,4 триллиона тенге с исполнением 96 процентов. Сумма неосвоения составила 59,4 миллиарда тенге, это в основном средства Национального фонда. При этом надо отметить, что большая часть доли неосвоения приходится на программы развития регионов. И у всех регионов неосвоение сложилось по систематически повторяющимся причинам, таким как корректировка ПСД, длительное проведение процедур государственных закупок, отставание от графика производства работ, несвоевременное предоставление актов выполненных работ, счетов-фактур, непредставление документов, подтверждающих обоснованность платежа, судебные разбирательства и другие.

К примеру, при направлении целевого трансферта из Национального фонда на развитие системы водоснабжения и водоотведения исполнение на местном уровне составило 90 процентов, на развитие социальной и инженерной инфраструктур в сельских населенных пунктах исполнение на 81 процент.

Возникают вопросы. Причины неосвоения повторяются из года в год. Предпринимаются ли вами меры по их проработке? И какие мероприятия проводятся в целях их дальнейшего недопущения?

Также вопрос в отношении финансирования новых трех областей – Улытау, Жетису и Абай. Рассматривается ли вами вопрос разработки комплексного плана социально-экономического развития этих областей? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Нұрлан Жексембайұлы! Действительно, такие вопросы есть. И на местном уровне они проявляются особенно ярко. Конечно, Правительство методологически совместно с местными исполнительными органами проводит соответствующую работу на постоянной основе и комплексно. Сейчас одна из мер – повышение самостоятельности, передача больших полномочий для перераспределения средств на региональном уровне через корректировки.

Кроме того, разграничивается ответственность по использованию целевых трансфертов на развитие, усиливается подотчетность.

Что касается, например, государственных закупок, то уже во время планирования бюджета местные исполнительные органы могут разрабатывать свои планы закупок, чтобы наперед планировать. В этом году у вас, уважаемые депутаты, была возможность заслушать руководителей регионов по исполнению бюджета. В проекте закона мы также предоставим аналитическую информацию при формировании на 2023 – 2025 годы.

Что касается строительства объектов по ПСД. Здесь сроки финансирования государственных бюджетных инвестиций теперь должны быть сопряжены со сроками непосредственно самой документации. Часть бюджетных инвестиционных проектов переходит на типовой уровень. Типовые проекты будут распределяться в определенных сферах, таких как здравоохранение и образование. И такая практика уже есть. Это значительно облегчает процесс планирования и исполнения бюджета.

Что касается финансирования вновь созданных областей, то здесь на текущий момент есть определенная заявка по размещению акиматов данных областей. На это планируется потратить порядка 12 миллиардов тенге. Пока соответствующей бюджетной заявки не было в республиканский бюджет. Пока это будет проводиться в рамках имеющегося бюджета прошлых трех областей. При необходимости соответствующие средства будут выделяться.

Кроме того, возможно, будут разрабатываться комплексные планы новых областей для того, чтобы поддержать их в целом как на республиканском и местном уровнях, так и за счет частных инвестиций. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министріне арналады.

Құрметті Болат Оралұлы! Бүгінгі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі өткен жылдың қорытындысы бойынша 57,7 пайызды құрайтын елдің өңірлерін газдандырудың төмен деңгейі болып отыр, яғни Қазақстандағы 19,1 миллион адамның 11 миллионының ғана газ пайдалануға мүмкіндігі бар. Тек жеті өңірде газдандыру деңгейі 90 пайыздан асады, ал төрт өңірде 60 пайыздан шамалы жоғары. Еліміздің басқа өңірлерінде газдандыру деңгейі бұл көрсеткіштерден айтарлықтай төмен. Мәселен, Қарағанды облысында 3,5 пайыз, Шығыс Қазақстан облысында 1,3 пайыз, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарында газбен жабдықтау мүлдем жоқ. Бұл өңірлерде еліміздегі халықтың төрттен бір бөлігі тұрады.

Өз шешімін талап ететін тағы бір мәселе – газ тасымалдау жүйесі тозуының жоғары деңгейде болуы, ол 75 пайызға жетті. Сонымен қатар ішкі нарықтағы тұтынудың серпінді өсуі аясында газдың ресурстық базасын ұлғайту қажеттілігі маңызды мәселе болып отыр.

Мемлекет басшысы өткен аптада Шетелдік инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысында келесі жылы еліміздің ішкі нарығында газ тапшылығы басталатынын

мәлімдеді. Бұл ретте Президент газды экспорттауға қарағанда ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуге басымдық берілетінін атап өтті. Осыған байланысты менің сұрағым:

Өңірлердегі газдандыру деңгейін арттыру үшін Үкімет тарапынан қандай шаралар қабылдануда?

Энергетика министрлігі газ саласындағы проблемалық мәселелерді қалай шешуді жоспарлап отыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Болат Оралұлы, жауап беріңіз.

АҚШОЛАҚОВ Б.О. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Ерік Хамзаұлы! Алдымен айта кетейін, біздер осыдан бір ай бұрын «ҚазақГаз» компаниясындағы әріптестерімізбен бірге арнайы ақпарат ретінде Сенат депутаттарына газ жөнінде баяндама жасадық. Ал сіздің сұрағыңызға келетін болсақ, қосымша айтатыным, біздің жоспарымыз бойынша былтыр газбен жабдықтау деңгейі 55 пайыз болу керек кезде біздер оны 57 пайызға жеткізгенбіз. Басқаша айтқанда, 2,5 пайызға артық жұмыс істелінген.

Бірақ кейбір өңірлерде, өздеріңізге мәлім, халық санының өсуіне байланысты бұл деңгейдің төмендеуі мүмкін. Бірақ ол жұмыс істелмегендіктен емес, халықтың өсіп жатқан санына бөлгенде сондай деңгейді көрсетеді.

Өте дұрыс айтып кеттіңіз, бізде қазір шығыс пен солтүстік өңірлер газбен жабдықталмаған. Сол себепті біз қазір осы мәселені екі бағытта қарастырып жатырмыз. Біріншіден, Ресей Федерациясынан газ құбырын тарту, бұл ең жылдам жол. Екіншіден, өзіміздің ішкі газ құбырларын батыстан тарту, яғни Қызылорда облысы арқылы солтүстікке және шығысқа тарту. Бірақ бұған қосымша газ керек. Өкінішке қарай, қазіргі таңда бізде газдың көлемі өте шектеулі. Егер біз қазіргі экспортқа жіберіліп жатқан газды алып тастайтын болсақ, бұл қосымша 3 миллиард текше метр ғана береді. Бұл газ тек қана жаңа станцияларды құру қажеттілігіне жеткілікті болады.

Ал солтүстік пен шығыс өңірлеріне 2,5 миллиард текше метр болады деген болжам былтырдан бері болды. Біз осы жылы оны жаңартып, қайтадан ұсыныс жіберіп, индустриялық станциялар болсын, зауыттар болсын, оны газға ауыстыруға қанша керек екенін анықтау үшін ұсыныс жібергенбіз. Жақын арада 2,5 миллиард текше метрдің орнына болжам бойынша 7 миллиард текше метрге дейін газдың қажеттілігінің өсуі мүмкін екені белгілі болды. Бұл тек қана шығыс пен солтүстікке.

Қайтадан айта кетейін, біз сол екі жолды қарастырып жатырмыз. Біріншісі – Ресей Федерациясынан. Біз Санкт-Петербург қаласына барып, келіссөздер өткізіп келдік. Жалпы келісім бар. Бірақ қазіргі уақытта оның бағасын және көлемін бекіту керек, қазір сол жұмысты бірге жүргізіп жатырмыз.

Екіншісі, біз «Сарыарқа» газ құбырын солтүстікке қарай Нұр-Сұлтан қаласынан Көкшетау арқылы Петропавл қаласына дейін жеткізу үшін мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алдық. Осы маусым айының бірінші жұлдызынан бастап шешімі бар. Ал қазір ішкі газ құбырымен Көкшетау, Петропавл қалаларын жабдықтау мәселесін шешу үшін қажеттілігін қарап, газ құнын зерттеп жатырмыз.

Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында айтылған мәселе жөніндегі сіздің сұрағыңызға келсек, шынымен бір-екі жылдай болды, жұмыс істелініп жатыр, қосымша

преференция беру және газ өндіру үшін бұлардың жағдайын жасауға қатысты мәселелер қарастырылып жатыр. Біздер осы жылдың аяғына дейін сіздерге заң жобасымен келеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Болат Оралұлы, өте маңызды мәселе. В целом очень важный вопрос по обеспечению страны газом. Сегодня стоит вопрос даже не по трубопроводам, а по наличию газа. Наверное, в этом вопрос.

Вы говорите, что нужно тянуть трубу из России. Есть туркменский газ. Наши туркменские соседи нас хорошо поддерживают. В то же время у нас же есть свои внутренние источники, есть попутный газ. Мы же говорили о нефтегазовом машиностроении, которое не развивалось 30 лет. То же самое по газу. Все эти годы, 30 лет, весь газ или сжигался, или закачивался в пласты. Какая-то часть, конечно, экспортировалась, но не самая большая.

По нашим данным, есть три месторождения, это Карачаганак, Тенгиз и Кашаган, и работающие там компании за прошлый год закачали снова в пласты 40 процентов добытого попутного газа. Понятно, что это технологический процесс, что надо поддерживать давление в пластах. Но на сегодняшний день есть современные методы, чтобы поддерживать это давление. Во многих странах используют альтернативные методы для решения этого вопроса по давлению.

Если бы мы все эти годы не сжигали и не закачивали обратно газ (по оценкам, в прошлом году мы сожгли больше 1,5 миллиарда кубометров), то наша страна... Если бы мы построили за это время газоперерабатывающие заводы, чтобы из природного газа при обработке делать потребительский газ, мы были бы уже обеспечены этим газом, учитывая, что у нас очень много попутного газа.

Мы знаем, что есть проекты, по которым сейчас «Qazaq Gaz» работает. В этой связи нужно использовать возможности импортировать газ у соседей, но в стратегической перспективе мы должны использовать свой попутный газ, то есть перерабатывать его. Соответственно, речь идет о перерабатывающих заводах на Кашагане, Тенгизе, чтобы мы со временем не просто нерационально относились к этому попутному газу, а использовали для потребностей нашей экономики, экономического роста и наших потребителей.

Газ – это же основа, топливо XXI века. Он относительно чистый, в нем нуждаются потребители и бизнес. Мы говорили о диверсификации экономики. Если будет газ подведен в каждую область, это и есть же энергетическая основа диверсификации.

Поэтому, Болат Уралович, наверное, надо в этом направлении активно поработать, то есть по газопереработке и использованию попутного газа. С инвесторами нам надо тоже разговаривать. Если нужно, то поддержать законодательно. Я думаю, что министерство и наши депутаты подключатся к этой работе, мы могли бы быстро такие нормы внести в действующее законодательство.

Пожалуйста, Болат Уралович.

АҚШОЛАҚОВ Б.О. Буквально пару слов. Вы абсолютно верно говорите. Когда я сказал, что газопровод из Российской Федерации или изнутри, то это не взаимоисключающая, а взаимодополняющая задача, которую мы ставим.

Весь вопрос во времени. Как Вы правильно сказали, в основном у нас попутный газ. Сейчас мы пересматриваем программу закачки, хотим до осени сделать расчеты по возможности строительства крупного газоперерабатывающего центра на западе Казахстана, где мы добываем этот газ. Это не тот миллиард кубов, о котором мы говорили, а плюс 2, плюс 6, например, на 8-10 миллиардов кубических метров газа газоперерабатывающей мощности, которые мы хотим поставить совместно с нашими партнерами, а потом этот газ подавать. Когда будет что подавать, мы будем эти газопроводы расширять от запада до севера и востока страны.

Для скорости решения, если требуется в скорейшем порядке сделать, мы говорим, что наиболее оптимальный вариант – брать у соседей, у которых газа на сегодняшний день достаточно. При этом параллельно решать свои внутренние задачи. Примерно в таком направлении мы сегодня рассматриваем данный вопрос.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Күдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер!

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрлігіне арналады.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдардың нақты жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуі өте маңызды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша бюджет қаражатын игерудің көрсеткіші 99,2 пайыз болғанымен тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізу деңгейі тиісінше 97 пайыз және 94 пайызды ғана құрап отыр.

Президенттің Жарлығымен орталық мемлекеттік және барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі бекітілгені өзіңізге белгілі. Дегенмен бағалаудың қолданыстағы әдістемесі әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша мемлекеттік органдарға жүктелген міндеттерді іске асырудың тиімділігін жеткілікті түрде айқындамайды.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Мемлекет басшысы осы бағалаудың дұрыс істемейтіні жайында сын-ескертпе айтып, Үкіметке мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдау әдістемесін екі ай мерзімде әзірлеуді тапсырған болатын.

Бұл жайындағы мәселе сенаторлар мен Есеп комитеті тарапынан да бірнеше рет сауал ретінде қойылған болатын.

Осыған байланысты сұрақ:

1. Бүгінгі таңда аталған талдау әдістемесін әзірлеу барысы қандай деңгейде?
2. Келешекте қолданысқа енгізілген жағдайда ол жұмсалған қаражаттың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалауды қаншалықты толыққанды қамтып, оң нәтиже беретін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Нұрлан Құдиярұлы! Өте маңызды мәселе. Біз бірінші рет депутаттардан, Есеп комитетінен осындай ескерту алғанбыз. Қазіргі таңда тиісті әдіснама жасалған, қазір мемлекеттік органдармен басқа рәсімдерді келісу жүргізіліп жатыр. Жалпы осы әдіснама салааралық теңгерім және мемлекеттік шығыстардың мультипликаторлар көмегімен олардың барлық экономикалық өсуге әсерін ескере алады. Өткен жылдан бастап бюджетті қалыптастырғанда субсидиялар бойынша және бюджеттік инвестициялар бойынша тиісті тиімділігі жасалған. Енді осы жұмыс қазір тұрақты түрде жасалып жатыр.

Одан басқа Есеп комитетінің ескертуімен адамға бағдарлану қағидасын ескере отырып қазіргі таңда барлық бюджеттік шығындар жалпы ұлттық басымдықтармен және адамның өмір сүру сапасын көтеру жағынан қарастырылып жатыр.

Жалпы осы әдіснама дайын болып, бәрі келіскен соң 2021 жылғы шығыстарға апробация жасалады, ал 2022 жылғы шығыстардың атқарылуы бойынша біз Парламентте осы жаңа методологиямен республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша тиісті есеп беруге дайын боламыз деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Төраға.

Мне хотелось бы дополнить информацию Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета в отношении регионов-доноров, которые получают трансфертов больше, чем у них идет изъятий. Хотелось поправить, что кроме Атырауской области. 2022 год – 283 миллиарда тенге идет изъятие всех видов, а региону дается всего лишь 129 миллиардов тенге.

Данный вопрос активно поднимется населением региона, мною в этой связи делался депутатский запрос в отношении изменения методики расчетов при утверждении бюджетов на примере городов Алматы и Астаны, где применяется коэффициент 1,5.

Вопрос к Министерству национальной экономики. В ответе на мой депутатский запрос говорили, что будут пересматривать данную методику. На какой стадии эта работа? Это касательно Атырауской области.

Если в целом говорить по всей республике, рассматривается ли Министерством национальной экономики какая-либо методика по мотивации дотационных регионов?

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Ғұмар Ислямұлы! В целом методика трансфертов общего характера будет в этом году принята, мы во второй половине года зайдем в Парламент с соответствующим Законом «О трансфертах общего характера» на три года.

По коэффициенту по Атырауской области со всеми регионами Министерством национальной экономики и соответствующей группой ведется работа, анализируется доходная база, текущие расходы и бюджет развития.

Как я докладывал на правительственном часе в Сенате, что регионам-донорам в данной работе уделяется особое внимание. По соответствующим коэффициентам в ближайшее время будут закончены расчеты, мы тщательно смотрим на предложения представителей отдельных акиматов, особенно доноров. Я думаю, что все это будет учтено.

Что касается работы по стимулированию регионов, то данная работа проводится на уровне Правительства. Это комплексная работа. Сегодня уже были озвучены предложения по диверсификации экономики, стимулированию экономики в отдельных регионах. Я думаю, что создание новых областей даст определенный стимул как данным областям, так и в целом экономике.

Например, если смотреть по Абайскому району, ранее до 1997 года был большой потенциал, у них активно развивался малый и средний бизнес. То есть у каждого региона есть свой потенциал и свои отдельные факторы, которые положительно повлияют. С учетом новых регионов эта работа будет продолжена. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Пожалуйста, Наталья Николаевна.

ГОДУНОВА Н.Н. В качестве дополнения два слова. Методика разработана. Когда я выступала, сказала, что в обход данной методики выделяются целевые трансферты. До того, как мы будем стабильные трансферты общего характера утверждать на три года, эту методику необходимо доработать и зайти на утверждение трехлетних трансфертов с уже доработанной методикой, в которой закрыть лазейку использования целевых трансфертов.

Гумар Ислямович действительно прав. По регионам-донорам я говорила суммарно. В Атырауской области трансфертов меньше, чем изъятий. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты, члены Правительства, Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета и приглашенные! Параметры республиканского бюджета в 2021 году исполнены под продолжавшимся влиянием пандемии коронавируса.

В целом надо отметить, что сбалансированность доходов и расходов бюджета была обеспечена. Исполнение республиканского бюджета составило 99,2 процента. Результат ожидаемый, благодаря проведенному уточнению и восьми корректировкам, как и на протяжении последних нескольких лет.

При этом Правительство акцентирует внимание только по текущему финансовому году, не корректируя параметры второго и третьего годов планового периода, что свидетельствует о кратковременности и конъюнктурности реализации бюджетной политики.

Несмотря на то, что в 2021 году поступления в республиканский бюджет исполнены на 100,8 процента к плану, пополнение доходной части имеет ряд недостатков.

Так, наблюдается снижение поступления по КПП и НДС на 239 миллиардов тенге.

Недостаточный уровень налогового администрирования, который подтверждается, к примеру, ростом недоимки в 2,8 раза, установлением 79 фактов задвоения на сумму 5,1 миллиарда тенге.

Продолжает иметь место отклонение в товарообороте с рядом стран торговых партнеров Казахстана.

Процент исполнения расходов, как было ранее отмечено, имеет хороший показатель, но со значительным неосвоением в сумме 68,8 миллиарда тенге.

Основные макроэкономические и бюджетные показатели и динамику их изменений докладчики изложили. Разрешите перейти к выводам, которые были сформированы в ходе обсуждений.

Первое. В целом доходы республиканского бюджета на 36 процентов сформированы за счет трансфертов из Национального фонда, и этот показатель остается высоким на протяжении последних трех лет.

В 2021 году 55,7 процента целевого трансферта из Национального фонда направлены на текущие мероприятия, которые не соответствуют законодательным ограничениям использования средств Национального фонда.

Так, имеются факты, когда целевой трансферт из Национального фонда направлялся на содержание осужденных лиц в сумме 2,3 миллиарда тенге с исполнением на 81 процент, на строительство, реконструкцию объектов культуры – 315 миллионов тенге, при этом освоено лишь 10 процентов, на социально значимые и культурные мероприятия, включающие также проведение дней культуры в зарубежных странах – в сумме 2,5 миллиарда тенге, с исполнением 60 процентов.

То есть мало того, что мы «отвлекаем» средства из Национального фонда, более того, мы используем их вразрез нормам законодательства. Соответственно, Национальный фонд продолжает традиционно находиться в режиме потребления, не выполняя свою основную сберегательную функцию.

Также допускаются искажения основных положений Концепции управления Национальным фондом в части обеспечения возврата неиспользованных сумм. При этом за пять лет сумма неиспользованных и невозвращенных в Национальный фонд средств составила более 72 миллиардов тенге, из них по итогам 2021 года порядка 60 миллиардов тенге.

Кроме того, основная часть неосвоенных средств Национального фонда сложилась в связи с невозможностью перераспределить данные средства без уточнения республиканского бюджета.

Все эти факты говорят о наличии в указанном периоде недостатков нормативно-правового регулирования вопросов использования средств Национального фонда, а также отсутствии единого координатора, отвечающего за эффективную реализацию всех задач и целей, возлагаемых на Национальный фонд.

И только с текущего года с целью исключения излишней конвертации и реконвертации средств введена норма по возможности невозврата сумм остатка трансфертов в Национальный фонд.

Вместе с тем остались и другие вышеуказанные вопросы, требующие решения. Это первое.

Второе. Для решения задач по диверсификации экономики, расширению номенклатуры производимых товаров и географии экспорта были созданы специальные экономические зоны.

Сегодня в Казахстане действует 13 специальных экономических зон. По данным Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, на их развитие за период с 2001 года по настоящее время только из республиканского бюджета было выделено порядка 400 миллиардов тенге, из которых две трети составляют средства Национального фонда. Однако строительство инфраструктуры полностью завершено только в трех из 13 специальных экономических зон, для полного окончания потребуется еще 280 миллиардов тенге. Соответственно, порядка 60 процентов общей территории специальных экономических зон не заполнены. При таком положении в условиях «холостого» функционирования возведенных объектов инфраструктуры возникают дополнительные расходы на их содержание.

К примеру, низкая наполняемость проектами наблюдается на территории СЭЗ «МЦПС «Хоргос», менее 27 процентов, в СЭЗ «ХимПарк Тараз» за 10 лет реализован всего один проект.

За прошлые семь лет участниками СЭЗ «Национальный индустриальный нефтехимический технопарк» уплачено в бюджет налогов и других обязательных платежей на сумму 16,3 миллиарда тенге, что в 10 раз меньше потраченных средств из бюджета на строительство инфраструктуры.

Надо отметить, что у депутатского корпуса Сената Парламента неоднократно возникали вопросы эффективности деятельности специальных экономических зон. Были выработаны и направлены в Правительство предложения, которые, по нашему мнению, могут изменить ситуацию. В частности, по:

дифференцированному подходу при предоставлении льгот на территории специальных экономических зон;

введению моратория на создание новых специальных экономических зон за счет государственного бюджета;

возможности строительства инфраструктуры за счет средств инвесторов, реализующих проекты.

Третье. Годовая инфляция сложилась на уровне 8,4 процента, превысив установленный целевой коридор.

По прогнозам Национального Банка, в среднесрочной перспективе ожидается значительный рост внешнего инфляционного фона, что на сегодня подтверждается высоким показателем инфляции в размере 14 процентов.

Влияние на рост потребительских цен по итогам 2021 года и в текущем году оказывает среди прочих факторов импорт инфляции. При этом рост цен на продовольственные товары в 2021 году и особенно в этом году в структуре денежных расходов населения отразился на увеличении доли расходов на продукты питания. К примеру, в четвертом квартале прошлого года – до 49,8 процента, за первый квартал 2022 года – более 50 процентов.

Программа «Экономика простых вещей» была нацелена на производство товаров народного потребления с акцентом на импортозамещение. Однако несмотря на то, что она реализуется уже третий год, наблюдается повышение доли импорта в потреблении казахстанцами товаров ежедневного использования, а именно продуктов питания и напитков – с 37 до 40 процентов, в легкой промышленности – с 88 до 90 процентов, в мебельной промышленности – с 63 до 65 процентов. Это указывает на то, что принимаемые меры недостаточны для роста благополучия граждан и импортозамещения основных социально значимых товаров потребления.

Четвертое. Прогресс нашей страны напрямую зависит от процветания регионов. И на сегодня в рамках построения Нового Казахстана принцип «сильные регионы – сильная страна» остается неизменным.

Основная задача региональной политики Казахстана – повышение конкурентоспособности региона и уровня жизни населения за счет использования его производственного и ресурсного потенциала. Реализация поставленной задачи осуществляется посредством государственных программ при всестороннем межведомственном взаимодействии и приоритетном бюджетном финансировании. Однако, как показывает практика, реализация мероприятий, предусмотренных в государственных программах, не всегда достигает ожидаемых результатов.

Так, по отдельным направлениям Дорожной карты занятости населения имеется непроработанность подходов. В частности, проект «Бастау Бизнес» исполнен лишь на 28,4 процента, развитие АПК – только наполовину, а средства в сумме 50 миллиардов тенге для развития бизнеса в регионах остались невостребованными из-за отсутствия заинтересованности местных исполнительных органов ввиду невыгодного предложения условий кредитования. В итоге цель по созданию новых постоянных рабочих мест не достигнута.

Также и при обеспечении жильем переселенцев в Северо-Казахстанской области в рамках Государственной программы «Еңбек» были допущены системные недостатки. Так, из-за низкого качества приобретаемого жилья для переселенцев 33 процента домов из охваченных контрольным осмотром не соответствуют климатическим условиям, 10 домов на общую сумму 80 миллионов тенге не были готовы для проживания.

Кроме того, работодателями, получившими субсидии в рамках программы, в отдельных случаях не обеспечивалось трудоустройство переселенцев. Так, проверкой было выявлено 30 процентов таких случаев, соответственно, было необоснованно выплачено субсидий в сумме 19 миллионов тенге.

В целом наблюдается тренд слабого исполнения регионами целевых трансфертов на развитие, который в среднем составил 90 процентов, по причине недостаточной координации со стороны государственных органов.

Уважаемые депутаты и члены Правительства! Учитывая сложившуюся непростую ситуацию, нам необходимо приложить все усилия для обеспечения целевого и эффективного использования бюджетных средств в рамках имеющегося объема финансовых ресурсов.

И только при устранении озвученных проблем и применении эффективных методов осуществления бюджетных функций возможна реализация задач, поставленных руководством страны.

Надеемся, что Правительство справится с этой задачей и учтет наши замечания и предложения, впоследствии обеспечит эффективное исполнение бюджета.

Хочу поблагодарить коллег-депутатов, а также членов рабочей группы по рассмотрению отчетов по исполнению республиканского бюджета за 2021 год за их активное участие.

Предлагаю утвердить отчет Правительства и заключение Счетного комитета об исполнении республиканского бюджета за 2021 год с учетом озвученных замечаний и предложений.

По результатам проведенной работы сформулированы тезисы содоклада Сената на совместном заседании Палат Парламента. Если будут замечания или дополнительные предложения по данным тезисам, прошу передать их в Комитет по финансам и бюджету.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Алексеевич.

Құрметті әріптестер, енді есептерді талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер мен Үкімет мүшелері! Әлеуметтік салаға 2021 жылға республикалық бюджеттен 7,6 триллион теңге бөлінді немесе бұл барлық шығындардың 50 пайызға жуығы. Игерілмеген 20 миллиард қаражат Білім және ғылым министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, Мәдениет және спорт министрлігіне тиесілі.

Білім және ғылым министрлігі бойынша орындалмаған 2 индикатор қалалық және ауылдық мектептердің 4-9 сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне қатысты.

Еліміз бойынша соңғы үш оқу жылын талдап көрдік. Оқу үлгерімі өте нашар, 4-9 сынып оқушыларының 43 пайызы үшке оқитындар, бұл екіге оқитын оқушыларды есепке алмағанның өзінде. Соның ішінде 2-4 сынып оқушыларының 38 пайызы үштік бағамен аяқтағандар. Бастауыш мектептердегі жағдай осындай болса жоғары сыныпқа барғанда олардан қандай білім күтуге болады? Ауыл мектептерінің білімі бұдан да төмен.

Біз аймақтарға барғанда халықпен жиі кездесеміз. Кездесу барысында ата-аналар: «білім сапасына көңілдеріміз толмайды, сондықтан қалтамыздан ақша төлеп репетитор жалдауға мәжбүрміз, Ата заңымызда орта білім тегін емес пе?», – деген орынды сұрақ көтеруде. Әрине, мектептерде осындай олқылықтардың бар екенін мойындауымыз керек. Білім сапасының төмендеуіне аталған мәселе өз әсерін тигізбей қоймайды.

Орта білімді дамытуға соңғы үш жылда қаражат 2 есеге ұлғайды, яғни 2,2 триллион теңге. Байқағанымыздай білім сапасының мәселесін тек қаражат шешеді деген теріс пікір қалыптасты ма деген ой туады, ал шын мәнінде қаражатсыз-ақ шешетін мәселелер тасада

қалуда. Алдағы уақытта Оқу-ағарту министрлігі еліміздегі білім сапасын толық зерттеп, тиісті қорытынды шығарады деп сенеміз.

Ана мен бала денсаулығы ең өзекті де көкейкесті мәселе. Өкінішке қарай, соңғы жылдары ана өлімі мен сәби өлімі көрсеткіші қалыпты өсуде. 2021 жылы 200 ана мен 3 мың 732 сәбиден айырылып қалдық. Қайтыс болған аналардың 64 пайызы қала тұрғындары. Мысалы, шетінеген сәбилердің 63 пайызы негізінен 1 айға жетпей қайтыс болғандар.

Өлімнің өсу факторларын коронавирустық инфекцияның салдарымен байланыстыруда. Соңғы екі жылда медицина қызметкерлеріне оңай болмады, бәрін де түсінеміз. Дей тұрғанмен де өлім-жітімнің себептеріне мұқият талдау жасап, содан тиісті қорытынды шығаруымыз керек.

Соңғы жылдары өңірлердің бюджетін дамытуға бөлінген қаражат жоқтың қасы. Қазір елімізде 1 мың 45 медицина объектісі күрделі жөндеуді қажет етіп отыр. Оның ішінде перинаталдық орталықтардың жағдайы мәз емес, басым бөлігі санитарлық талаптарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар мамандардың жетіспеушілігі орын алуда, әсіресе УЗИ мамандары, неонатолог және акушер-гинеколог мамандар. Соңғы бір жылда 284 акушер-гинеколог жұмыстан кеткен. Сондықтан Үкімет қабылданған ұлттық жоба аясында ана мен бала денсаулығын қорғауға арналған іс-шараларға қосымша қаражат қарастырса дұрыс болар еді.

Жұмыссыздық бүгінде өзекті мәселелердің біріне айналды. 2021 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз, соның ішінде жастар жұмыссыздығы 3,8 пайызды құрады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сәйкес жыл сайын орта есеппен 700 мыңға жуық азамат тұрақты жұмыс орындарымен қамтылады, бірақ басым көпшілігі уақытша. Осыны ресми ақпарат та дәлелдеп отыр. Жұмыспен қамтылғандар 2021 жылдың қорытындысы бойынша 8 миллион 800 мың адам, ал 2020 жылмен салыстырсақ небәрі 75 мың адамға өскен.

Сондай-ақ 2021 жылдың қорытындысымен шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс күшінің қозғалысын қарайтын болсақ, бір жылда 1 миллионның үстінде адам жұмысқа орналасса, соншама адам жұмыстан кері шығып кетуде. Нәтижесінде жұмыспен қамтылғандар санының өсуі 1 пайызға да жетпейді. Жұмысы жоқтың табысы жоқ дегендей, жұмыссыз азаматтарымыздың табыстары азайып, өмір сүру сапасының деңгейі төмендеуде. Оның үстіне қымбатшылық оңайға соқпай тұр.

Мемлекет басшысы: «1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Сөйте тұра орташа жалақы мен жан басына шаққандағы табыс көлемі ұдайы өсіп келеді деген көпірме есеп берілуде. Бұл нағыз көзбояушылық», – деген болатын. Қоғамға шынайы ақпарат керек, жалаң цифрлар негізінде жұмыс істеуге болмайтынын бәріміз түсініп отырмыз. Өткен бес жылға қабылданған «Еңбек» бағдарламасы біз күткендей нәтиже бермеді.

Тағы бір мәселе, 9 миллионнан астам экономикалық белсенді халық санын әлі анықтай алмауымыз. Бүгінде міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының мәліметіне сәйкес 3 миллион 4 мың адамның статусы анықталмаған, олар жұмыссыздар ма, әлде өзін-өзі қамтығандар ма, белгісіз.

Бюджетті жоспарлауда кейбір индикаторлар бойынша түпкілікті мақсаттар орындалмауда. Бұл жыл сайын қайталанатын жағдай. Бастысы қаражатты оңды-солды шашу емес, оны сапалы игеру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің ақпаратына сәйкес ең көп жемқорлық мемлекеттік сатып алуда орын алған және бюджет шығыстарының жалпы сомасындағы мемлекеттік сатып алудың үлесі шамамен 30 пайызды құрайды, яғни жалпы ішкі өнімнің 5 пайызына жуығы. Сондықтан Үкімет алдағы уақытта бюджет саясатына түбегейлі талдау жүргізіп, оның ішінде бюджет қаражатын сапалы игеруге ынталандыратын механизмдерді қарастырғаны дұрыс болар еді.

Сөзімді қорытындылай келе айтарым, Үкімет атқарған жұмыстарда нәтижелер де жоқ емес. Жоғарыда айтылған сын-ескертпелерді ескере отырып, Үкімет ұсынған 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті мақұлдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Ел бюджетінің атқарылуын талдау өз өміріміздегі барлық қоғамдық-саяси процестердің ажырамас құрамдас бөлігі болғандықтан оған ерекше назар аударамыз.

Первое. Бюджет развития должен служить экономике. Несмотря на ковидный год, показатели говорят о позитивной динамике, наметился выход экономики на траекторию устойчивого роста. Вместе с тем эти положительные показатели достигнуты за счет средств Национального фонда.

Таким образом, вместо того, чтобы собрать все причитающиеся государству доходы с холдингов, банков и экспортеров, мы опять берем деньги от будущих поколений.

Неактивно попытаемся вернуть предоставленные ранее деньги на поддержку банков, а это около 4 миллиардов долларов США. Это является очевидным фактом того, что активы фонда плохо защищены.

За 30 лет независимости мы не смогли достаточно диверсифицировать экономику и преодолеть зависимость от добычи и экспорта сырья. Фактически представители олигополии навязали свои интересы государству.

Нет действенного контроля за использованием бюджетных средств. Как следствие, имеем ставшее традиционным неэффективное планирование и освоение. Например, только по госпрограммам неэффективность расходования составляет 142,4 миллиарда тенге. Наблюдается неполнота использования финансовых средств практически по всем программам и национальным проектам от 10 до 345 миллиардов тенге.

За отчетный период по девяти национальным проектам было предусмотрено достижение 165 показателей, из которых достигнуты лишь 124. Реализация национальных проектов не способствовала получению ожидаемых соцэкономэффектов и в среднем составила 57,7 процента.

Теперь о расходах. Счетным комитетом в 2021 году завершен цикл аудитов по проверке субъектов квазигоссектора. По итогам с охватом 88 субъектов с объемом бюджетного финансирования 45 триллионов тенге выявлено на 86 миллиардов тенге финансовых нарушений и более 2 триллионов тенге неэффективного управления активами.

Несмотря на достаточно высокий уровень освоения средств республиканского бюджета на 99,2 процента, отметим следующее. По плану государственным органам надо было достичь 2024 прямых результатов, а по факту достигнуто 1859, или 91,8 процента. По конечным результатам достигнуто 385 из плановых 440, или 87,5 процента.

Второе. Экономика бюджета потребления. На сегодня Глава государства поставил во главу угла соцэкономразвития цифровую трансформацию. Реализуется программа «Цифровой Казахстан». Во всех органах приняты свои программы. Но реальной оптимизации бюджета в государственных органах и акиматах за счет цифровизации пока нет. Например, по итогам 2018 – 2019 годов «Цифровой Казахстан» принес в бюджет почти 800 миллиардов тенге по пяти министерствам при выделенных всего 18,9 миллиарда тенге за счет внутренней оптимизации бюджетов, а возвратность составила более чем в 42 раза. В 2021 году такой оптимизации по отчетам не видно.

Третье. Основные проблемы экономической модели связаны с недостаточным государственным подходом к планированию и управлению соцэкономразвития. Государственный подход – это сбалансированный механизм согласованности высокоточного прогнозирования, планирования комплекса мер по обеспечению достижения поставленных целей, ответственности за выполнение запланированных мероприятий на основе жесткого мониторинга процессов реализации планов. Это является азбукой. Эта система государственного подхода позволила выполнить антикризисные задачи 1994 – 1995 годов, а именно укрепление тенге и снижение четырехзначной годовой инфляции до 10-процентной.

В настоящее время все это осталось в прошлом. Реальное управление по целям со временем сменилось на управление ресурсами, то есть на простое освоение средств.

К сожалению, все экономические проблемы мы решаем фрагментарно. Прежняя эффективная система государственного планирования и управления свелась к набору программ, которые уже более двух десятилетий стали восприниматься как некая управленческая панацея.

Подобное мировоззрение могло быть справедливым, если бы программные продукты были бы высокоэффективными. Однако это далеко не так. И получается такая печальная картина:

разработано несколько последовательных государственных программ индустриально-инновационного развития, однако в реальности диверсификация экономики не ощущается. Анализ показывает, что обрабатывающий сектор экономики по значительной части своей продукции неконкурентоспособен даже на общем рынке ЕАЭС;

разработано несколько государственных программ и проектов в области образования и науки, однако система образования не обеспечивает реальных запросов рынка труда.

Наука, как никогда, оторвана от производства, поскольку не сформирована полноценная национальная инновационная система. Не достигнуты задачи по переходу к понятным лаконичным национальным проектам, как поручал Глава государства.

Дает сбои система государственного планирования. Соответственно, имеет место «перехлест» по финансированию государственных программ и национальных проектов. На наш взгляд, подобная ситуация связана с тем, что нарушены принципы трех основных составляющих государственного подхода к управлению.

Во-первых, на предпроектной стадии формирования программ и проектов строгий научно-методический подход подменяется легковесным экспертным подходом при прогнозировании целей и количественных индикаторов.

Во-вторых, как следствие, не в полной степени срабатывают меры на стадии планирования, сводя на нет усилия по реализации планов мероприятий той или иной программы.

В-третьих, имеет место отсутствие ответственности за программные результаты.

Подобное положение дел надо срочно выправлять и навести порядок в системе государственного планирования.

Құрметті әріптестер! Бүгін Есеп комитетінің қорытындысын ескере отырып, Үкіметтің 2021 жылға арналған республикалық бюджеттің орындалуы туралы есебін қолдауды және алдағы уақытта айтылған ескертулерді әрдайым қаперде ұстауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер, Үкімет мүшелері! Аграрлық секторды Қазақстан экономикасының жетекші күшіне айналдыру мақсатында тәуелсіздік жылдары бірқатар бағдарламалар әзірленіп, оларды қаржыландыру тетіктері жетілдірілді.

2017 – 2022 жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан 2,9 триллион, оның ішінде субсидия ретінде 1,6 триллион теңге бөлінді, нәтижесінде өндірілген өнім көлемі 1,8 есеге ұлғайды.

Бүгінгі таңда осы саладағы өзекті мәселелердің бірі – ішкі нарықты ет өнімдерімен қамтамасыз етумен қатар экспорт әлеуетін де арттыру. Әрине, бұл бағытта атқарылған жұмыстар да аз емес, шағын және орта кәсіпкерлік базасында шаруашылықтар құрылып, жаңа жұмыс орындары ашылды, асыл тұқымды мал басының санын көбейту жолдары қарастырылды.

Ресми деректерге сүйенсек, тек соңғы 4 жылда шетелден ет бағытындағы 60 мыңдай бас ірі қара мал әкелінген. Осы мақсатта субсидияландыруға 18 миллиард теңгеге жуық қаражат жұмсалған.

Қолданыстағы ережелерге сәйкес шетелден әкелінген әр аналық басқа 300 мың теңге, ал өзіміздің отандық ет бағытындағы ақбас, әуликөл және тағы басқа асыл тұқымды мал басына 150 мың теңге субсидия төленді.

Осы орайда импортталатын малдың негізгі өнім көрсеткіштеріне талдау жасар болсақ, алынған төлі, ет өнімділігі, мал басына көзделген шығыны, жергілікті табиғи ортаға бейімділігі, аурулардың түрлеріне иммунитеті және тағы басқа критерийлер бойынша өзіміздің отандық асыл тұқымды ірі қара малдың көрсеткіштері ешқандай да кем түспейді.

Өздеріңізге белгілі, өркениеттің бастауы болған көшпенді тұрмыс құрып, тіршілік кешкен ата-бабамыздың дәуірінен бері үзілмеген жергілікті төрт түлік малдың ресурстық мүмкіндіктері жоғары болса да, оларды қолдаудың орнына шетелдің экономикасын инвестициялауға басымдылық беріліп отырған сияқты.

Халқымыз «малы саудың – жаны сау» деген қағиданы өмірлік ұстанымға айналдырған. Ал сол малдың саулығына кепілдік беретін сала – ветеринария.

«Ветеринария туралы» Заң қабылданған күннен бастап, осы сала бірнеше трансформацияны басынан өткерді. Бірақ еліміздегі эпизоотиялық жағдай тұрақталған жоқ, қайта керісінше бірқатар аса қауіпті аурулар бойынша жағдай күрделене түсуде.

Мемлекет тарапынан жыл сайын қыруар қаражат бөлініп, аса қауіпті ауруларға диагностикалық, профилактикалық шаралар жүргізілсе де, ел бойынша аса қауіпті аурулардың ошақтары азаймауда. Әсіресе жануарлар арасында жиі кездесетін бруцеллез, сибір жарасы, потагенді құс тұмауы және тағы басқа аурулар бойынша жылдан-жылға эпизоотиялық жағдай шиеленісуде. Осындай індеттерден былтырғы жылы 2 миллион құс жойылған, ал басқа ауруларды айтпағанда жыл сайын тек қана бруцеллез ауруынан 45-50 мың бас ірі қара мал сойылады. Әрине, осындай шығындар еліміздегі мал санына, өнім көлеміне кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Бүгінгі күні ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен бір ғасырдан астам тарихы бар, еліміздің өңірлерінде ғылыми әзірлемелер мен зерттеулер жүргізетін, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен тығыз байланыста жұмыс жасайтын Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты айналысады.

Бұл ретте осы институтты Ауыл шаруашылығы министрлігінен Денсаулық сақтау министрлігінің «Qazbiopharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының құзырына беру мәселесі бойынша сала мамандарымен қатар депутаттар тарапынан да алаңдаушылық туындауда. Мұндай оңтайландыру шаралары қажет те шығар, дегенмен еліміздің аграрлық секторындағы аса қажет ветеринария саласын тиісті ғылыми зерттеулер және әдістемелермен қамтамасыз ету мәселелерінің болашағы қалай болады деген сұрақ туындайды. Өйткені сала бойынша ғалымдар мен мамандар тарапынан биологиялық қауіпсіздік, сондай-ақ ветеринариялық-профилактикалық, санитарлық және зоогигиеналық ғылым бұдан былай медицинаның көлеңкесінде қалып қоймайды ма деген күмән жоқ емес.

Қорытындылай келе, Ауыл шаруашылығы саласына бөлінген мемлекет қаржысын тиімді пайдалану жөнінде бағалау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, нәтижелері тиісті деңгейде зерделену қажет деп есептеймін. Мұндай сараптама жұмыстары бюджеттен бөлінген қаражаттың пайдалану ашықтығы мен Үкіметтің қаржы жүйесін басқару тиімділігін арттыратыны анық

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер мен Үкімет мүшелері! Бүгінгі қаралып отырған 2021 жылғы Үкіметтің есебін қолдаймын және де Үкіметтің назарына ұсынғым келетін бірқатар мәселелер бар. Сол мәселелерге тоқталып өтуге рұқсат етіңіздер.

Өткен жылы жаңа «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заң қабылданды. Аталған заңның басты міндеттерінің бірі – өңдеу өнеркәсібін дамыту, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Осы заң күшіне енгеннен кейін «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі» АҚ құрамындағы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ өнеркәсіп саласында мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асырастын негізгі оператор ретінде анықталды.

Бұл қор ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және өнеркәсіптік әлеуетін дамыту мақсатында өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылым саласында импорт алмастыру және экспортқа бағдарланған өндірістер жобаларын қаржыландыруды жүзеге асырады. Сонымен қатар 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қордың лизингтік портфелі құрылымындағы лизингтік мәмілелердің төрттен бір бөлігі ғана өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі.

Соңғы 10 жыл ішінде елдің өңдеу өнеркәсібінің үлесі жалпы ішкі өнімдегі 10 пайыздан сәл ғана астамын құрайтынын атап өткен жөн.

Бүгінгі күні өңделген өнім экспортының үлесін төмендету үрдісіне ие болып, 29 пайыз деңгейінде қалыптасатын ахуал орын алды, бұл Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасындағы ең төмен көрсеткіш болып табылады.

Бюроның деректері бойынша 2021 жылы Қазақстанға жалпы сомасы 41 миллиард өнім импортталған, 60 миллиард өнім экспортталған. Экспорт құрылымында 66 пайызын минералды өнімдер, 17 пайызын металдар мен олардан жасалған бұйымдар құрайды.

Импорт құрылымында 40,6 пайыз үлесі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар, 16 пайыз үлесі химия және онымен байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдері, 10,4 пайыз үлесі бар азық-түлік тауарлары басым.

Сонымен қатар Қазақстаннан минералдық шикізат, мұнай-газ өнімдері мен металдар экспортталады, ал жоғарғы қайта өңделген тауарлар импортталады. Бұл үрдіс соңғы жылдары сақталып келеді.

Өңдеу өнеркәсібінің дамуын тежейтін проблемалар мен тәуекелдер әлемдік бағаларға жоғары тәуелділік, отандық кәсіпорындардың шикізатпен толық жүктелмеуі, экспортталатын өнімнің төмен экономикалық күрделілігі, технологиялық әзірлемелерге инвестициялардың төмен деңгейі, саланың көптеген кәсіпорындарында негізгі қорлардың тозуы, отандық тауар өндірушілер өнімдерінің көпшілігінің халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі, отандық тауар өндірушілердің техникалық стандарттар талаптарын қанағаттандыруға қабілетсіздігі, саланың көптеген кәсіпорындарында тауарларды сатып алу рәсімдерінде ашықтық саясатын қолданбауы, сала кәсіпорындары мен салааралық кооперация арасындағы кооперация деңгейінің төмендігі, арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымның толық болмауы, жеке техникалық мамандықтар бойынша білікті кадрлардың жетіспеушілігі және басқалары болып отыр.

Өңдеу өнеркәсібін дамытуды және оның ел экономикасындағы үлесін ұлғайтуды мынадай шараларды іске асыру арқылы қамтамасыз етуге болады. Осылайша нарық конъюнктурасының әсерін азайту үшін шикізат шығаратын отандық кәсіпорындар қосылған құны жоғары өнімдер шығарумен жаңа бөліністерді игеруі керек.

Өндірістерді оқшаулау деңгейін ұлғайту сыртқы нарықтарға тәуелділікті қысқартуға және қосылған құн үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді ірілендіруге экспортты ынталандыру және жоғарғы бөліністегі өндірілетін өнімнің ассортиментін кеңейту мақсатында кәсіпорындарды жеңілдікпен несиелендіру арқылы қол жеткізуге болады. Сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ аумағындағы инфрақұрылым нысандарының құрылысын бюджет қаражаты есебінен, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы қаржыландыруды, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат пен жеке инвестицияларды тартуменен аяқтау қажет.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі қорларын жаңғыртуға және жаңартуға бағытталған жаңа шараларды көздеу орынды. Қазіргі уақытта өнеркәсіптік гранттың жаңа құралы енгізілуде. Құрал конкурстық негізде бірлесіп қаржыландыру негізінде өндірістік-технологиялық жаңғыртуға берілетін болады. Бұл шараларды қор қызметі шеңберінде іске асыруға болады.

Айта кету керек, өңдеу өнеркәсібі бюджеттің кіріс бөлігін арттыру үшін үлкен әлеуетке ие. Бұл үшін өңдеуші өнеркәсіп жобаларын қаржыландыру әлеуметтік саламен қатар республикалық бюджет қаражатын жұмсауда басымдыққа айналуға тиіс, оған қазір бюджеттің 50 пайызға жуығы жұмсалады. Алайда өткен жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінен түсетін түсімдер жалпы құрылымында 13,65 пайыздан 12,7 пайызға дейін төмендеді. Бұл осы салаға баса назар аудару және саланы басқарудың тиімділігін арттыру бойынша пәрменді шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта қор «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі» АҚ құрылымына кіреді. Сонымен бірге Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

Қор өңдеуші өнеркәсіп сияқты экономиканың басым секторларындағы мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобалардың негізгі операторы болып табылатынын ескере отырып, Үкімет қордың қызметін жандандыру және қорды басқару жүйесін өзектендіру жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

Мемлекет басшысы Үкімет алдына 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібі өндірісін 1,5 есеге ұлғайту міндетін қойған болатын. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бізге өңдеу өнеркәсібі дамуының оң қарқынын қамтамасыз ету қажет.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет.

Құрметті Төраға, қадірлі әріптестер мен Үкімет мүшелері! Біз бүгін Үкімет пен Есеп комитетінің 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін тындадық. Бюджет қаражатының қаншалықты тиімді пайдаланылғаны туралы да, кемшін тұстары да баяндамаларда жеткілікті айтылды. Сондықтан да Үкімет пен Есеп комитетінің 2021 жыл

бойынша есептерін қолдай отырып, өзімді толғандырған бірнеше мәселеге қысқаша тоқталып өтпекпін.

1. 2020 жылы ел бюджеті 39 рет түзетулерге түссе, 2021 жылы республикалық бюджетке бір рет нақтылау, сегіз рет түзетулер енгізілді. Бюджет Ұлттық қордан трансферттер алып отырғанымен жоспарланудың сапасы мен тиімділігі және бюджеттің кіріс бөлігін әкімшілендіру жақсармай келеді. Қолдағы бар салықтың және кедендік түсімдер әлеуетін толық пайдаланбау мен жергілікті дәрежеде тиімді салықтық әкімшілік етудің болмауы салдарынан бюджет кірісі шығын шегуде. Мысалы, Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тауар айналымы көлемін салыстыру нәтижелері соңғы үш жылдағы айырмашылық 17 миллиард доллар құрағанын көрсетіп отыр. Сонымен бірге республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржы бір жылдың ішінде біркелкі аударылмайды, соның салдарынан жыл соңында бюджет қаражатын игеру үшін жергілікті бюджеттерге қомақты ақша аударылып, олар аудандарға беріледі. Нәтижесінде жыл сайын дебиторлық берешек ұлғайып келеді. Мысалы, 2022 жылы 1 қаңтарда 2019 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге артып, 963 миллиард теңгеге жетті. Тек 2021 жылы желтоқсан айында 600 миллиард теңге әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге аударылды. Бюджеттің салық базасының ұлғаюына сәйкес келмейтін бұл қаражат жыл соңындағы бір айда нақты нәтиже шығару үшін қаншалықты тиімді пайдаланылды? Бұл үлкен сұрақ.

2. Трансферттерден түсетін кірістерді арттырғанымызбен халықтың нақты кірістерінің өсу қарқыны 2019 жылы 6,4 пайыз болса, 2021 жылы 2,9 пайызға дейін төмендеген. Халықтың нақты ақшалай кірістері қысқарды, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халық үлесінің едәуір көбеюі көрініп тұр. Оның үстіне инфляция 4-6 пайыз дәлізден асып 8,4 пайыз деңгейінде болып, тұтыну бағаларының өсуіне қатты ықпал етті. Демек азық-түлік бағаларының өсуі халықтың ақшалай шығыстары құрылымында тамақ өнімдеріне арналған шығыстарының 50 пайызын алып отыр. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 20 пайыздан аспайды. Бұл негізгі әлеуметтік маңызы бар тұтыну тауарларының импортын алмастыру үшін Үкімет тарапынан қабылданған шаралардың нәтижесі жеткіліксіз болғанын көрсетеді.

Қазір біраз ұлттық жоба мемлекеттік бағдарламаларды алмастырғанымен, алайда одан ештеңенің де өзгере қойғанын көріп отырмыз. Жобалық басқарудың негізгі принциптері сақталмайды. Қаржыландыру қажеттіліктің тек 57 пайызын құрап отыр. Іс-шаралар толық пысықталмаған, тиісінше орталық пен өңірлер арасында үйлесім нашар. Орталық мемлекеттік органдардың шешім қабылдауы мен оның адамдарға сезілуі арасындағы уақыт тым ұзақ. Ал көптеген қазақстандықтың өмір сүру деңгейі әзірге көтерілетін емес. Азаматтардың еңбек қызметінен алатын табыс үлесі төмендеп, әлеуметтік трансферттерге деген тәуелділігі артып барады. Қазір халықтың көпшілігі мемлекеттің көмегіне мұқтаж.

3. Қазақстан Даму банкінің несиелер портфелі 2021 жылы 2,37 триллион теңгені құрады. Бұл ақша мыңдаған өндірісті қолдауға жететін қаржы, бірақ осы зор қаржының 60 пайызын, яғни 1,5 триллион теңгені 10 ірі кәсіпорын алған. Осы несиелердің ашықтығы, тиімді жұмсалуды мен қайтарымы туралы толыққанды мәлімет алған жоқпыз. Шынында да Президент айтқандай Қазақстан Даму банкі шектеулі ғана ірі қаржы-өнеркәсіптік және құрылыс компанияларының банкісіне айналып кеткен сияқты. Оның үстіне банкі

менеджерлерінің айлығы 2021 жылы 3,2 миллиард теңгені және бұған қосымша 586 миллион теңгені құрады.

4. Соңғы бес жыл ішінде донор өңірлерге берілетін трансферттер көлемі 36 есеге өссе, ал дотациялық өңірлерге берілетін трансферттер 66 есеге ұлғайып кеткен. Сондықтан да Үкімет бюджеттік алып қоюлардан, кері трансферттерден біртіндеп бас тарту, ағымдағы нысаналы трансферттер мен даму трансферттерін жергілікті бюджеттер базасына беру арқылы қаржы ағындарын барынша азайту керек. Бюджеттің атқарылуы бойынша есепті карауда нақты шешуді қажет ететін жүйелі кемшіліктер бар. Олар – бюджетті жоспарлау сапасының төмендігі, стратегиялық жоспарлар әзірлеу және олардың орындалуын бағалауға деген пәрменді тәсілдердің жоқтығы, салалық және кедендік әкімшілік етудің әлсіздігі, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бөлінетін бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану процесіндегі ашықтықтың және жіберілген қателіктер үшін нақты жауаптылықтың болмауы.

Облыстарға кірістер мен шығыстарды орталықтандырып бөлу қағидаты бойынша құрылған бюджетаралық қатынастар олардың арасындағы сәйкессіздіктерді теңестіре алмады. 2021 жылы жан басына шақандағы жалпы өндіріс өнімі бойынша алшақтық 11 есеге жетті.

Құрметті әріптестер! Республикалық бюджеттің негізін қалыптастыратын салық төлеуші Қазақстан азаматтары болғандықтан, оның әр тиынына дейін Үкімет ең алдымен Қазақстан халқының алдында жауапты. Депутаттар тарапынан айтылған сын-ескертпелерді Үкімет алдағы уақытта республикалық бюджетті жоспарлау және орындау барысында назарға алады деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық.

Бүгінгі талқылауды ескере отырып, Палаталардың бірлескен отырысына Сенат атынан қосымша баяндама әзірлеуді Қаржы және бюджет комитетіне тапсыру және қосымша баяндама жасауды депутат Карплюк Сергей Алексеевичке жүктеу ұсынылады.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Бүгін біз республикалық бюджеттің орындалуын конструктивті және жан-жақты талқыладық. Сенаторлар көптеген маңызды мәселелерге назар аударды. Олар еліміздің дамуындағы жаңа талаптардан туындап отыр.

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Халқымыз 5 маусым күні Мемлекет басшысы жариялаған конституциялық өзгерістерге қолдау білдірді. Ата заңға енгізілген түзетулер жаңа Қазақстанның негізін қалайды. Қазіргі таңда

осы бағытта саяси жүйемізді түбегейлі өзгерту үдерісі жүріп жатыр. Мұның бәрі түптеп келгенде әділетті мемлекет құруға бағытталып отыр. Біз бәріміз халық қолдау білдірген президенттік реформалардың іске асырылуын қамтамасыз етуіміз керек. Бұған барлық билік тармақтары жауапты.

Сондай-ақ жаңа кезеңде мемлекет қаржысының жұмсалыуының және республикалық бюджеттің орындалуының тиімділігін арттыруымыз қажет. Осы бағытта жаңа ұстанымдар мен принциптер керек деп есептейміз.

Сонымен қатар еліміздің алдында тұрған үлкен мәселелердің бірі – өңірлердің дамуын жаңа деңгейге шығару. Облыстарда инфрақұрылымды жетілдіру, коммуникацияларды жаңарту, әлеуметтік нысандарды салу, тұрақты жұмыс орындарын ашу, халықтың әл-ауқатын арттыру бағыттарында біраз жұмысты жүзеге асыру қажет. Конституциялық өзгерістердің аясында Сенат өңірлердің мәселелерін қарастыратын негізгі институт ретінде анықталғанын білесіздер. Өңірлерді дамыту мақсатында алдағы уақытта Үкіметпен бірігіп, біраз жұмыстарды атқарамыз деп сенемін.

Жалпы бүгін Сенат депутаттары осы және басқа бағыттарда маңызды мәселелерді көтерді. Үкімет мүшелерінен оларды алдағы жұмыстарда ескеруді сұраймыз.

Құрметті әріптестер! Үкімет пен Есеп комитетінің есептері 2021 жылғы республикалық бюджеттің негізгі параметрлері орындалғанын көрсетіп отыр.

Президенттің тапсырмаларын орындау жолында Үкіметтің ауқымды жұмыс атқарғанын атап өткен жөн. Бұл ретте Сенат Үкіметке қашанда қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізім келеді.

Сонымен қатар Есеп комитеті бюджеттің орындалуын жан-жақты әрі сапалы талдап, маңызды ұсынымдар жасады. Сол үшін Сенат депутаттарының атынан Есеп комитетінің басшылығына алғыс білдіреміз. Сондай-ақ бүгінгі отырысқа белсенді қатысқан депутаттарға, Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банктің және ұлттық компаниялардың басшылығына рақмет айтамыз. Алдағы уақытта Мемлекет басшысы белгілеп берген мақсаттарға қол жеткізу үшін бәріміз жұдырықтай жұмылып, нәтижелі еңбек етеміз деп сенеміз.

Баршаңызға ел игілігі жолындағы жұмыстарыңызда сәттілік пен толайым табыс тілеймін.

Сөз Ералы Лұқпанұлына беріледі.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгін өте маңызды мәселелер қаралды. Оның ішінде нақты секторды дамытуға байланысты, әлеуметтік салаларды дамытуға байланысты, орта және шағын бизнесті дамытуға байланысты, өңдеу саласына байланысты да ерекше көңіл бөлінді.

Мәулен Сағатханұлы, аймақтарға байланысты әңгімелерді өзіңіз ерекше көтеріп айтып жатырсыз. 2021 жылғы бюджетті талқылауда осы жерде көптеген кемшіліктер де айтылды, нақты ұсыныстар да айтылды. Оның бәрін болашақта жұмыста ескеретін боламыз.

Бүгінгі үлкен ниет-тілектеріңіздің бәріне рақмет айтамыз. Жақсылықта болыңыздар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 16 маусым

Күн тәртібі бойынша	
О повестке дня	1
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары қызметіне сайлау туралы	
Об избрании на должности судей Верховного Суда Республики Казахстан	
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы	
Д.А. ШИПШТІҢ баяндамасы	
Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан	
ШИППА Д.А.	1
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В.	2
Сөз сөйлеген:	
Выступил:	
ӘМІР Д.С. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан	3
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)	
О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам электроэнергетики, энергосбережения и повышения энергоэффективности, недропользования, местного государственного управления и государственной границы» (второе чтение)	
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ баяндамасы	
Доклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству СУЛТАНОВА Е.Х.	3

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері жөнінде

Об отчетах Правительства Республики Казахстан и Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета об исполнении республиканского бюджета за 2021 год

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 5

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.О. ПИРМАТОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Национального Банка Республики Казахстан ПИРМАТОВА Г.О. 8

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы Н.Н. ГОДУНОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета ГОДУНОВОЙ Н.Н. 11

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАЛТАЕВА Л.М. 14

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан 14

БУЛАВКИНА О.А. 15

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, Министр сельского хозяйства Республики Казахстан 16

МӘКЕЖАНОВ С.А. 16

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы, Председатель Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка 18

ҚҰРТАЕВ Ә.С. 21

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Министр национальной экономики Республики Казахстан 21

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. 22

ТОҒЖАНОВ Е.Л. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан 23

ШЕЛПЕКОВ Б.А. 24

МУСИН Д.М. 25

БРЕКЕШЕВ С.А. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан 26

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. 26

ОРЫНБЕКОВ Б.С.	27
БЕКЕНОВ Н.Ж.	29
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	29
СҰЛТАНОВ Е.Х.	30
АҚШОЛАҚОВ Б.О. – Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Министр энергетикаи Республики Казахстан	31
БЕКНАЗАРОВ Н.Қ.	33
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	34
ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И.	34
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	34

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.А. КАРПЛЮКТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А. 35

Сөз сөйлегендер:

Выступили:


ТӨРЕҒАЛИЕВ Н.	39
МАМЫТБЕКОВ Е.Қ.	41
ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С.	43
ҚҰРТАЕВ Ә.С.	45
БАҚТИЯРҰЛЫ М.	46
ТОҒЖАНОВ Е.Л.	49

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директорының орынбасары



Ж. Мырзаханов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева